



**«Ботай мәдениетінің әлемдік өркениеттің дамуына қосқан үлесі»
халықаралық ғылыми-практикалық конференция**



**Международная научно-практическая конференция на тему:
«Вклад Ботайской культуры в развитие
мировой цивилизации»**



**КОНФЕРЕНЦИЯ БАЯНДАМАЛАРЫНЫҢ ЖИНАҒЫ
СБОРНИК ДОКЛАДОВ КОНФЕРЕНЦИИ**



МАЗМҰНЫ

М.З. Утегенов. СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭТНОСАЯСИ ТАРИХЫ.....	4
А.К.Шауденова. САРАЙШЫҚ МУЗЕЙ ҚОРЫНДАҒЫ ЖӘДІГЕРЛЕРДІ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ.....	9
Гүлмарал Үшкемпірқызы Қамбар. ҚАРАХАН ДӘУІРІНДЕГІ ТАРАЗ.....	25
А.Н.Мамбеталинова. КӨШПЕЛІЛЕР ӨРКЕНИЕТТІ ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	38
Пәрменкүл Сәбит Тұрлыбекұлы. ОТЫРАП ТОПОНИМИЯСЫНДАҒЫ КӨНЕ АТАУЛАР.....	65
К.К. Абилямаликов. АРХЕОЛОГИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ НА СТОЯНКЕ ДУЗБАЙ-V В 2024 ГОДУ.....	73
М.С. Макеев. АРХЕОЛОГИЧЕСКИЕ ПОЛЕВЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ НА ПОСЕЛЕНИИ БОТАЙ 2023 ГОДУ.....	93
М.М. Құттыбай. СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ АЙЫРТАУ АУДАНЫНЫҢ ТАРИХИ КИЕЛІ ЖЕРЛЕРІ.....	110

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭТНОСАЯСИ ТАРИХЫ

Утегенов Марат Зеннатұлы тарих ғылымдарының
кандидаты, доцент

(Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік
университеті, Көкшетау)

Ресей империясының халық санағы бойынша 1897 жылы Қазақстанда 4 147,7 мың адам өмір сүрді, оның 80% - ы жергілікті автохтонды халық - қазақтар болды. Қазақтар және олардың ата - бабалары - қыпшақтар, түріктер, ғұндар мен сақтар - ежелгі заманнан бері осы жерде өмір сүрген. Тарихқа көз жүгіртсек бұл жердің ежелгі тұрғындары әртүрлі жағдайларды бастан өткерді. Бейбіт және бақытты күндер ауыр және қайғылы оқиғаларға толы болды. Этникалық қазақтардың 40% - дан астамы немесе 5 миллионнан астам отандастар әлемнің 40-тан астам мемлекетінде өмір сүруде. Олардың көпшілігі өткен ғасырлардағы бірқатар әлеуметтік-экономикалық немесе әскери-саяси оқиғаларға байланысты сол жерге қоныс аударуға мәжбүр болды.

Қазақтар үшін ең ауыр және қайғылы ғасыр ХХ ғасыр болды. Бұл қиын уақытта қазақтар үшін оңай болған жоқ, сонымен қатар қарапайым өмір сүру және халық ретінде өзін-өзі сақтау мәселесі де болды. Солтүстік Қазақстан тұрғындарының қазіргі полиэтникалық құрамы патшалық Ресей мен кеңестік кезеңде жүргізілген ұлттық саясат нәтижесінде қалыптасты. ХІХ ғасырдың ортасында өлке халқы

моноэтникалық құрылымға ие болды, қазақтар толығымен басым болды. Кеңестік заманда өлкенің этникалық құрамының динамикасы әр түрлі этностар құрамының үнемі кеңеюімен, орыс-славян компонентінің үстемдігімен және қазақтардың үлес салмағының төмендеуімен сипатталды.

Қазіргі таңда қазақтар өздерінің демографиялық артықшылықтарын қайтарып, елімізде ең көп этносқа айналды, жалпы тұрғындардың 70%-нан астамы қазақтар.

Аймақ халқының құрамындағы орыс-славян этностары санының өсуінің басты факторы көші қон процесі болды [1].

Орыс, украин, беларусь, мордовия, поляк, неміс қоныс аударушылары мен басқа халықтар өкілдерінің едәуір бөлігі Қазақстанда ХІХ ғасырдың соңғы ширегі – ХХ ғасырдың басында патшалық ұйымдастырған жаппай шаруа қоныс аудару кезінде болды.

Солтүстік және Солтүстік-Шығыс Қазақстанда қоныс аударушы шаруалар санының тұрақты өсуі байқалды. Қазақстанға шаруалардың қоныс аударуы қазақ халқынан анағұрлым құнарлы жерлерді жаппай алып қоюмен қатар жүрді.

Қазақстанда орыс халқы ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында қарқынды өсе бастады. Осы кезеңде Ресейдің еуропалық бөлігінен шаруаларды жаппай көшіру басталды. 1897 жылы Қазақстанның алты облысында орыстардың саны 544 мыңға жуық адамды құрады. Олардың үлес салмағы өлке халқының 12,8% құрады. Олардың едәуір бөлігі Ақмола және Орал облыстарында қоныстанды. Орыс халқының негізгі бөлігі шаруалар (40%), содан кейін казактар (33%),

мещандар (19%), дворяндар (5%) және басқалар болды [2].

Қазақстанды жаулап алудың аяқталуы XIX ғасырдың ортасындағы Ресейдегі буржуазиялық реформалармен тұспа-тұс келді. Шаруалардың толқуы жалғасты. Мұндай жағдайда Үкімет шаруаларды революциялық қозғалыстан алшақтату үшін бірқатар шаралар қабылдады. Солардың бірі-көші-қон саясатын жандандыру. Шаруалардың шығыс шетіне қоныс аударуы Ресейдің орталық провинцияларында жердің ашаршылығына жол беріп қана қоймай, олардың көмегімен жаңа жерде үкіметтің тірегін құрды. Сондықтан патша үкіметі XIX ғасырдың 60-жылдарының ортасында әскери казактармен отарлаудан жаппай шаруаларға көшті. Сібірді, Қазақстанның солтүстік, батыс және оңтүстік-шығыс аудандарын отарлау арқылы патшалық шаруаларды ішкі губерниялардан көшіріп, оларды пайдаланып ұлттық аймақтарда әлеуметтік тірек құруды күтті. Орыс және украин шаруаларын облыстың барлық дерлік облыстарына жоспарлы түрде көшіру XIX ғасырдың 70-ші жылдары басталды және 80-ші жылдары жаппай сипатқа ие болды. Алғашқы шаруа учаскелері 1879 жылы Көкшетау уезінде пайда болды.

XX ғасырдың басында орыс шаруалары саны жағынан ең көп топты құрады. Орыс шаруалары облыстың көп жерін қоныстанды. Олар негізінен Омбы уезінің солтүстік және солтүстік-шығыс бөліктерін, Көкшетау уезінің шығыс бөлігінен басқасын, Атбасар уезінің солтүстік бөлігін және Ақмола уезінің солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа дейінгі бөлігін қоныстанған.

Т.Седельников қазақ жеріне қоныстанған казактар мен орыс шаруалары жөнінде былай жазады: "Егер де бұл отаршылдар аздап мәдениетті болған жағдайда өлкенің өмірі Солтүстік Америкадағыдай дамыған сатыда болар еді. Сібір казагі егіншілік сияқты қара жұмыстан өзін алыс ұстайды және өзін патшаның жалшысы деп санайды, ал егіншілікпен айналысатын орыс шаруаларын жермен алысатын мұжықтар деп атайды". Т.Седельников қоныс аудару басқарамасының шенеулігі ретінде қазақтардың дәстүрлі шаруашылық түрін өзгертіп егіншілікпен және басқа да қосалқы кәсіпшіліктермен айналысуын жердің азаюынан деп дұрыс жаза отырып оны прогресивті құбылыс деп суреттейді [3, 10 б.]. Ал қазақтар өмірінде аздаған уақыт ішінде орын алған өзгерістердің зардаптары көңілге алынбайды.

Қазақ даласын ендігі кезекте казактармен емес шаруаларымен отарлау керек деп хабарларды Батыс Сібірдің генерал-губернаторы Казнаков өзінің 1875 жылғы есебінде [4, 156 б.]. Осылайша 1879 жылы Көкшетау уезінің 2 учаскесінде 164 адамнан тұрған поселоктар құрылып, ондағы әрбір адамға 30 десятина жерден берілді. Ал 1880-81жылдары Көкшетау уезінде 435 ер адамнан тұрған 9 участокқа шаруалар қоныстандырылады. 1882 жылдары шаруаларға бөлінетін жердің көлемін 15 десятинаға дейін қысқартады, өйткені жерлердің аздығынан арнайы комиссия мүшелері шаруаларға өз жанұяларын асырау үшін 15 десятина жер көлемі де жеткілікті деп шешім қабылдайды. 1882-84 жылдар Атбасар уезінде 9 учаске

қоныстандырылады, ондағы ер адамдардың саны 210 адамды құраған.

Сонымен, тарихи материалдар мен мұрағат құжаттары арқылы кезінде моноэтникалық сипаттағы тұрғындар тұрамының қандай жағдайда өзгеріске ұшырағандығын көріп отырмыз.

Пайдаланылған деректер тізімі:

1 Полиэтнический состав населения Северного Казахстана в конце XIX — начале XXI вв.: исторические особенности, современные тенденции и перспективы. А.М. Жаркенова. Вестник Карагандинского университета № 4(92)/2018. 60-69 бб.

2 История формирования полиэтнического населения Казахстана и интерактивная карта «народ казахстана». М.М.Козыбаева. <https://iie.kz/?p=6823>

3 Седельников Т. Борьба за землю в Киргизской степи. СПб., 1910. – 74 б.

4 Россия. Полное географическое описание нашего Отечества. Т.18. Киргизский край // Под ред. В.П. Семенова. - Спб., 1903. – 469 б.

САРАЙШЫҚ МУЗЕЙ ҚОРЫНДАҒЫ ЖӘДІГЕРЛЕРДІ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ

А.К.Шауденова

«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени
музей-қорығы, қор сақтаушы
Сарайшық, Атырау облысы

Андатпа: Мақалада «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының қорындағы жәдігерлердің түсім көзі, оларды сақтау мен зерттеу мәселелері баяндалады. Музей-қорық мамандарының сала мамандарымен бірлесіп жүргізген ғылыми зерттеулерінің нәтижесінде жәдігерлер тарихын ғылыми негізделген тұжырымдамамен қоғамға ұсыну, қалың көпшілікке қолжетімділігін арттыру басты мақсат болды. Осы орайда, музей қорындағы археологиялық қазба барысында табылған жәдігерлердің зерттеу нәтижелері ұсынылды. Музей қорындағы сүйек бұйымдар, «Хан моласы» қазба орнынан табылған мата бөлшегі, шарлар(ядро), мыс, күміс тиындар және 2020-2022 жылдар аралығында «Сарайшық» музей-қорығы қызметкерлері орындаған «ГУЛАГ жүйесіндегі Прорва және Астрахань лагерлері: «тарих, естелік, тағылым (1932 - 1950 жж.)» ғылыми жобасы аясында табылған жәдігерлер зерттеу жұмыстарына негіз болды. Бұл Сарайшық музей-қорығы атқарып отырған зерттеу жұмыстарының тек бір бөлігі ғана.

Тірек сөздер: Сарайшық, музей, қор сақтау, ғылыми зерттеу, археология, сүйек, нумизматика, жинақтар.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының қорында 5300-ден астам жәдігер бар. Олар археология, нумизматика, этнография, архив құжаттары, көркем сурет және қолөнер бұйымдары коллекцияларына бөлінген.

Сарайшық музей-қорығындағы негізгі түсім жолдары археологиялық қазба жұмыстары нәтижесі және «Музейге сый» акциясы бойынша тапсырылған жәдігерлерден тұрады.

Ортағасырлық Сарайшық қаласының археологиялық қазбасынан табылған жәдігерлер Жошы Ұлысының, Ноғай Ордасының, Қасым хан тұсындағы Сарайшықтың тарихын баян ететін ақпарат тасымалдаушылар. Сондықтан, археологиялық зерттеулер нәтижесі музей қорынан кеңінен орын алады. Ғылыми қор мақсаты – ғылыми негізделген музей жинағын қалыптастыру және сол жинақты сақтау, зерттеу, көрсету, бір сөзбен айтқанда қоғамда кеңінен пайдалануға мүмкіншілік жасау.[1]

Осы орайда, Сарайшық музей қорындағы жәдігерлерді зерттеп, ғылыми айналымға шығару жұмыстары жүріп жатыр. Мысалы, музей қорында сүйектен жасалған жәдігерлер молынан кездеседі. Археологиялық зерттеулер нәтижесінде Алтын Орда тұсында Сарайшықта сүйек өңдеу ісі жоғары дамығандығы байқалды. Сүйектен әртүрлі технологияларды қолданып, оларды өңдеп, кесіп, бұйымдарға дөңгелек ою-өрнек салып, нақышталған және жылтыратқан. Сүйек бұйымдарын жасайтын шеберханалар Алтын Орданың көптеген ірі орталықтарынан табылды. Сонымен қатар,


ортағасырлық Сарайшық қаласында жүргізілген археологиялық зерттеулер барысында бұл жерден де сүйектен әртүрлі бұйымдар жасайтын шеберханалардың орны анықталған.

Сарайшық музей қорында сүйектен жасалған шүмектер, жүн иіруге арналған ұршықтың басы, түймелер және т.б. сүйектен жасалған құралдар бар. Сүйектен жасалған тұрмыстық бұйымдар ішінен көп кездескені XIII-XIV ғасырларға тиісті ұл және қыз балаларға арналған шүмектер. Сүйек шүмекті балаларды бесікке бөлегенде гигиеналық тазалықты сақтау мақсатында пайдаланған. Шүмектер қойдың жіліншік сүйегінен жасалған, оның бір ұшында ішкі қуысқа енетін арнайы тесік бар, ал бүйірінде тағы да кең тесік болып ол сұйықтықтың сыртқа шығуына мүмкіндік берген (1-сурет). Ол нәрестенің тазалығы сақталуына септігін тигізген. Осы сынды жәдігерлер тек қана Сарайшықтан ғана емес, Еділ, Қырым, Солтүстік Кавказ, Саркела, Тува аймақтарынан да табылған. [2, 3-4бб]



1-сурет. Сарайшық қазба орны, шүмектер. XIII-XIV ғғ..
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, т.ғ.д.,
қауымдастырылған профессоры Ұ.Т.Ахметова мен
«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы
ғылыми қызметкері, магистрант Ж.Байғалиевтің
ортағасырлық Сарайшықта мекен еткен адамдардың
материалдық және рухани мәдениетінің белгісі ретінде

археологиялық қазба кезінде табылған қазірде музей қорында сақтаулы сүйектен жасалынған жәдігерлер туралы «Ортағасырлық Сарайшықтың сүйек бұйымдары» кітапшасы жарық көрді(2-сурет).



2- сурет. «Ортағасырлық Сарайшықтың сүйек бұйымдары» кітапшасы

Сонымен қатар, Сарайшық қаласының археологиялық қазба барысында табылған сүйектерді зерттеп, ғылыми түсінігін беру үшін қор бөлімі тарих ғылымдарының кандидаты, этнограф Ерназаров Жасқайрат Тілекқабылұлының көмегіне жүгінген болатын. Ғалым қордағы жәдігерлерді зерттеп, ерекше назар аударғаны ортасы дөңгелек етіп тесілген ұсақ малдың жауырын сүйектері болды(3-сурет). Жауырын сүйегін өзге де сүйектен жасалатын бұйымдарды жасау үшін пайдаланған. Тек жауырын сүйекте ғана көлемді

тегіс орын болуына байланысты түйме, әшекейлер, өзге де бұйымдарды жасауға қолданған.



3-сурет. Сарайшық қазба орны, жауырын сүйектер. XIV ғ.


Сарайшық қаласындағы «Хан моласы» қазбасынан табылған мата қалдықтарын Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті «ҮМАІ» халықаралық ғылыми-зерттеу лабораториясына жіберіп, археолог-тарихшы Т.Н.Крупаның қайта қалпына келтіруі барысында сол кездегі элита киімдеріне тән алтын жіптермен нақышталған барқыт бөлшектері екендігі анықталды(4-5сурет).



4-сурет. «Хан моласы» қазбасы II көрханадан табылған мата бөлшегі тазалағанға дейін



5-сурет. «Хан моласы» қазбасы II көрханадан табылған мата бөлшегі тазалағаннан кейін



6-сурет. Барқыт мата бөлігіндегі қосымша тоқымадағы алтындатқан жіптердің орналасуы (бинокулярлы микроскоп Альтами ПС-Т-II, 20 есе үлкейту)



7-сурет. Барқыт мата бөлігінің қосымша тоқымадағы алтын жіптері (бинокулярлы микроскоп Альтами ПС-Т-II, 90 есе үлкейту).

Реставратор Тетяна Крупаның зерттеуі нәтижесінде бұл өрнектер салынған қызыл барқыт мата екені анықталды. Бұл тоқыма өнімі толықтай жібектен, алтын жалатылған күміс жіптері бар өте сапалы мата(6-7 сурет). Оның шыққан жері Осман империясы болуы мүмкін, кезеңі бойынша XV-XVI ғасырларға сәйкес келеді. Бедерлі барқыт матадан тігілген киімдер сол кездегі әлемдік үрдістегі сәнге тән болатын, одан тек бай, беделді адамдар ғана киім тіктірген. Табылған жәдігер

Сарайшықтағы «Хан моласы» сағананың ерекше мәртебесін және элиталық екенін көрсетеді. [3, 22-б]

2020-2022 жылдар аралығында «Сарайшық» музей-қорығы қызметкерлері орындаған «ГУЛАГ жүйесіндегі Прорва және Астрахань лагерлері: «тарих, естелік, тағылым (1932 - 1950 жж.)» ғылыми жобасы аясында Атырау облысы Жылыой ауданы территориясында Прорва еңбекпен түзеу лагері болғаны анықталған еді. Жобаның мақсаты КСРО көлемінде ГУЛАГ жүйесіне енген Прорва-Астрахань еңбекпен түзету лагерлерінің тарихымен, атқарған қызметтерімен және онда ұсталған тұтқындардың қилы тағдырын зерделеу. Сонымен бірге тоталитарлық жүйенің адамзат тарихындағы азабын анықтау, өткеннен тағылым алуды көздеді.

Прорва (Астрахань) лагерінің жұмыс жасағаны туралы архив құжатымен дәлелденді. Негізгі басты шаруашылығы балық шаруашылығы болған. ГУЛАГ жүйесіндегі балық шаруашылығы объектісі ретінде Владивостоктан (Владлагтан) кейінгі екінші маңызы бар халық шаруашылығын дамытқан орталығы болған. Прорва лагерлік бөлімшесі, Бұрыншық лагерлік пункттері орындарына экспедициялар ұйымдастырылды.

Ішкі істер министрінің бұйрығы бойынша 1950 жылы Астрахань ЕТЛ-і өз қызметін тоқтатқанымен, лагерь Астрахань УИТЛК немесе еңбекпен түзету лагерьлері мен колониялары болып атын өзгертіп 1953 жылға дейін жұмысын жалғастырған. Лагерь орындарына экспедиция ұйымдастыру барысында сол күндерге тиесілі біраз жәдігерлер табылған. Негізгі қызметі балық

шаруашылығы болғандықтан көптеген балық аулау, кептіру құралдары және тұтқындардың жеке заттары қорға қабылданды. Қасіретті жылдар таңбасы қалған жәдігерлер жыл сайын 31-мамыр Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні қарсаңында көрермен назарына ұсынылып жүр. Тарих ақтаңдақтарының бірі саналатын қуғын-сүргін құрбандарының қолының табы қалған жәдігерлердің өзі көрерменге азалы күндерден хабар беретін дереккөздер. [3,38-39-бб]



8 сурет. ГУЛАГ жүйесіндегі Прорва, Астархань лагерлері тарихынан көрмесінен.

Алтын Орда қалаларында, соның ішінде Сарайшық қаласында жүргізілген алтынордалық қалаларда сирек кездесетін керамикалық олжалардың бірі – іші қуыс болы келетін керамикалық шарлар (ядро). Шарда бір немесе бірнеше тесіктер салынады. Олардың ішінде диаметрі тесікке қарағанда үлкенірек керамикалық шарлар бар. (9-сурет).



9-сурет. Қыш ядро. Сарайшық, 2019 жыл

Бұл жәдігер туралы тарих ғылымдарының кандидаты, археолог М. Қасенов ізденіс жұмыстарын жүргізіп, «Ядро керамическое» атты мақала жазды. Мақалада Сарайшық және Ақтөбе-Лаэти қалаларынан табылған қыш ядро туралы салыстырмалы зерттеулер жасаған. Оны қандай мақсатта қолданған, неліктен формасы шар тәрізді жасалғаны туралы ғылымда бірнеше тұжырымдар кездеседі. Сондықтан ғалым мақалада жәдігердің бірнеше атауын көрсетеді. Олар: ядро, шар, химиялық ыдыс.

2019 жылғы ортағасырлық Сарайшық қаласында жүргізілген қазба жұмыстары №3А кешеннен тағы да қыш ядро анықталды. Ядро диаметрі – 14 см. Ондағы тесіктің диаметрі – 0,5 см. Іші қуыс болып жасалған жәдігер ішіне кішкентай шар салынған [4].

Ортағасырлық Сарайшықта жүргізілген қазба жұмыстары барысында бірнеше қыш ядро табылған. Мысалы, Л. Галкин Сарайшықтағы археологиялық қазба жұмыстары барысында қыш ядроның табылғанын, онда «...на сгоревшей камышовой крыше одного из домов я

нашел глиняный толстостенный шар. Долгое время подобные находки были загадкой для науки, но теперь их роль стала понятна и вместе с тем яснее обозначилась драма, которую пережили в далеком прошлом народы северо-восточного Прикаспия», - деп келтіреді. Л. Галкиннің бұл дерегі қыш ядроны (шар) өз дәуірінде соғыста қару ретінде пайдаланған деген тұжырымға негізделген [5].

2019 жылы табылған қыш ядродан көлемі кіші ядро 2023 жылы ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Қазақстанның батыс өңіріндегі алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (XIII-XV ғғ.)» ғылыми жобасы бойынша қаржыландырылған ортағасырлық Сарайшық қаласындағы №3 археологиялық кешендегі қоғамдық ғимараттың оңтүстік бөлігінен табылды. (10-сурет). Бұл ядроның ерекшелігі көлемі және шардағы тесіктің диаметрі үлкен болғанында. Шар диаметрі – 10 см, тесіктің диаметрі – 1 см [6, 43 б.].



10-сурет. Қыш ядро. Сарайшық. 2023 ж.

И.В. Волков «О назначении керамических шаров с золотоордынских городищ» атты мақаласында жәдігерді қандай мақсатта қолданғаны туралы бірнеше тұжырымдарды ұсынады. Олардың ең алғашқысы – сылдырмақ ретінде пайдаланған. Сондай-ақ, ол алтынордалық қалалардан табылған қыш ядроларды (шар) зерттей келе, үлкен екі топқа бөліп қарастырады. Біріншісі, бір тесігі бар қыш ядролар (шар). Ал екіншісі қыш ядрода (шар) екеуден артық тесік және ядро ішінде бірнеше кіші шарлары болады. Бұл типтегі шарлар көлемі кіші болып келуімен ерекшеленеді [7, С. 145]. 2023 жылы Сарайшықтан табылған қыш ядроның көлемі кіші болғанмен оны бірінші типтегі шарлардың қатарына жатқызуға болады.

Қорыта айтқанда, бір немесе бірнеше тесігі бар болған қыш шарлар (ядро) алтынордалық қалалар аймағында көптеп кездескен. Одан өзге, ғалымдар қыш шардың қолданысы туралы бірнеше тұжырымдар келтіреді. Әсіресе бір тесігі бар қыш шарды қандай да бір химиялық ерітінді дайындауда пайдаланған болуы мүмкін. Бүгінде «Сарайшық» музей-қорығында орналасқан шарларда химиялық ерітінді не болмаса жанғыш майдың іздері байқалмайды. Сондай-ақ, жәдігерлер анықталған орында өрттің және өндіріс орнының іздері кездеспеген.

Келесі тоқталатын жиынтық – нумизматика. Сарайшықта ақша сарайы XIV-XV ғасырдың бірінші жартысында, яғни Алтын Орда тұсында болған. Орта ғасырлардағы ақша айналысы ақша өндірісі сияқты үш салаға бөлінді. Мыс ақша, күміс ақша, алтын ақша және олардың айналымы. Айналым саласы мәні бойынша

белгілі бір баға санатындағы тауарлар тобымен анықталады. Мысалы, мыс ақша-пұлға өте арзан тауарларды - шөпті, аскөкті және т.б. сатып алуға болады(11-сурет). Мыс пұлдар айналыстағы толыққанды ақша емес, қазіргі заманғы барлық металл тиындар сияқты мәжбүрлі мөлшерлеме бойынша қолданылған. Оны шығаруды қалалардың әкімшілік органдары жүзеге асырды. Мыс ақшаларда шығарушының (ханның) аты көп жағдайда көрсетілмейтін, соғылған жылы да көрсетіле бермейтін. Шындығында мыс пұлдар – қалалық ақша болып есептелінді. Соғылатын мыс өндірісі реттелмегендіктен, нарық осы пұлдармен тез толатын, әрі нарықтың шамадан тыс толығуының басталуы бұл ақшаның сатып алу қабілетінің төмендеуіне әкелді. Мыс ақша соғу жүйесін біріздендіру саясаты Өзбек ханның кезінде басталғанмен, ауқымды түрде Жәнібек, Бердібек және Қызыр хандардың тұсында (1340-1362 жж) жүзеге асты.



11-сурет. Мыс тиындар. Сарайшық. 2007 ж.

Күміс ақшаға(дирхам) азық-түлік пен жатын орынды, көптеген тауарларды, соның ішінде жылқыны, қару-жарақты және т.б. сатып алуға мүмкін болатын. XIV ғасырда күміс дирхамға құлдар мен астықты қоса алғанда, Алтын Ордада бәрі сатып алынды және

сатылды. Жошы Ұлысы іс жүзінде өз алтын ақшаларын соқтырмаған. Ұсақ алтын ақшалардың қысқа мерзімді, бірақ тұрақты шығарылымдары 1360 жылдардың аяғы – 1380 жылдардың басында тек тарихи Хорезм аймағында жүзеге асырылды. Шағатай ұлысында да 1270 жылдары алтын ақша жасаудан бас тартты. Тұрақты түрде алтын динарлар XIII-XIV ғасырларда Хулагуидтер мемлекетінде (Иран) соғылған. Алайда, Алтын Ордада өз алтын динарын соғу мүмкіндігі болмағанына қарамастан, мұнда жоғары сортты алтыннан жасалған салмағы 11 грамм болатын үнді танқасы айналыста болды. Осылайша, бай адамдар өздерінің күміс ақшасы мен жылқы сатып, Үндістаннан әкелінген үндінің алтын танқаларына сәнді тауарларды сатып алатын болды. Ақша мәртебесіне сай алтын ақша соғу тек ханға тиесілі болды. Жошы Ұлысында күміс ақша соғу тек ханның атынан жүзеге асырылды, белгілі бір теңге сарайында ақша соғудан түскен табыс қазынаға түсуі мүмкін еді немесе хан алдын ала өз туыстарына немесе қол астындағыларға бір реттік немесе тұрақты негізде бөлуі мүмкін болатын.

Сарайшықтан табылған нумизматикалық жәдігерлер тек Жошы Ұлысының кезеңіне тиесілі. Оның үстіне Сарайшықтың өз теңге сарайының атымен тек Хижраның 763 жылынан(1361-1362 жылдардан) бастап ақша соғыла бастаған. [8, 43 б.]

Осы орайда, ортағасырлық Сарайшық қаласындағы археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде табылған жәдігерлерді жинақтап, зерттеу бойынша «Сарайшық» музей-қорығының дайындауымен «Сарайшық жәдігерлері» жинағы жарық көрді. Қорға қабылданып,

зерттеліп, ғылыми деректермен толықтырылған жәдігерлермен көпшіліктің танысуына мүмкіндік туды.



12- сурет. Сарайшық жәдігерлері
Пайдаланылған әдебиеттер

1. Құдайбергенов С.Е. Музей қорларының пайда болуы мен қалыптасуы.
2. Ахметова У.Т., Байғалиев Ж.Р. Ортағасырлық Сарайшықтың сүйек бұйымдары.-Сарайшық, 2021 - 3-4 бб.
3. «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы РМҚК. 2023 жылғы жылдық есеп. Сарайшық, 2024. – 38-39 бб.
4. Отчет об археологических работах по теме: «Исследование средневекового городища Сарайчик (Ортағасырлық Сарайшық қаласының зерттелуі)». – Атырау, 2019
5. Галкин Л.Л. Загадки, гипотезы, открытия: Генуэзские пираты на ... Каспии // Вокруг Света, 1998. - №4. – С.103

6. «Қазақстанның батыс өңіріндегі алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (XIII-XV ғғ.)» бағдарламасы бойынша ортағасырлық Сарайшық ескерткішіндегі археологиялық қазба жұмысының ғылыми есебі. / «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы. – Сарайшық. 2023. – 68 б.
7. Волков И.В. О назначении керамических шаров с золотоордынских городищ. Историко-археологические исследования в г. Азове и на Нижнем Дону: тезисы докладов к семинару: в 1991 году: В.11. Азов, 1993. – 257 с.
8. Петров П.Н. Джучидская нумизматика и монетный двор Сарайчук. Сарайшық, 2023-С-5-6.

Тіркелу формасы

Тегі	Шауденова
Аты	Айман
Әкесінің аты	Киікбайқызы
Ғылыми дәрежесі, лауазымы	Қор сақтаушы
Жұмыс орны	«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы РМҚК
Мекен-жәй	Сарайшық, Е.Шәкіліков көш., 12 үй
Байланыс телефоны	8 401 495 4387
E-mail	ashaudenova@mail.ru
Секция	Музей және мұра: жинау, сақтай, зерттеу.

ҚАРАХАН ДӘУІРІНДЕГІ ТАРАЗ

X–XII ғасырларда Қарахан мемлекетінің иелігі батыста Мауереннахрдан, шығыста Жетісу мен Қашғарға дейін созылған. Уақыт өте келе XI ғасырдың соңында Қарахан әулетінің мемлекеті екіге бөлінеді. Батыс хандыққа Ходжентке дейінгі Мауераннахр кірсе, Шығыс хандықтың құрамына: Тараз, Испиджаб, Шаш, Ферғана, Қашғар қалалары енді [1, 266–267].

Қарахан мемлекетіне енген қалалардың мәдениеті, ғылымы, қолөнері ерекше көңіл аудартады. Орта Азия үшін Қарахан дәуірі қала салу өнері мен қала мәдениетінің гүлденген кезі. Оңтүстік Қазақстан халқының әсіресе Тараз тарихында Қарахан дәуірінің ерекшелігі мен мәні де осында. X ғасырдың соңы мен XI ғасырдың басында Орта Азиядағы Жетісу аймағы мен Оңтүстік Қазақстан жерін Қарахан әулеті басқарды.

Тараз билеушісі ислам дінін қабылдағаннан кейін, бұл өңірге әр елдің көпестері мен саяхатшылары ағыла бастаған. Демек осы тұста Тараз қаласы ислам әлемі өкілдерінің аяғы жеткен соңғы нүктесі деуге болады. Соның нәтежесінде ежелгі шаһар туралы жазба деректер көп сақталған.

XI ғасырда қаланы Тұрған хан басқарды. Осы кезеңде қаланың қуаттылығы сонша Самарқанд билеушісі Махмұд ханға қарсы шыға алатын еді. Расында бұл Тараздың экономикасы мықты болғандықтан саяси жағдайына әсер етті. Мұның дәлелі Талас аңғары мен Тараздан табылған материалдық мәдениет болып табылады. Бұл аймақтан ортағасырлық қалалық мәдениеттің бірнеше орталықтарын бөліп

көрсетуге болады. Талас пен Шу аңғарындағы көптеген қалалар тәрізді Тараз қаласы да ауыл шаруашылығы мен көшпелі мәдениеттің өзара тығыз әрекеттесуі жағдайында қалыптасты. Тараз қаласының қала салу өнері ортағасырлық қалалардың дәстүрлі құрылысы тәрізді цитадель, шахристан мен рабадтан тұрды.

Тараз қаласының өркендеген кезеңі Қарахан дәуіріндегі Х–ХІІ ғғ. [2, 33]. Қаланың дамуында оның Орта Азияға қосылуы да оң нәтежие берді. ХІ ғасырда Тараз ханы Тұрған ханға Самарқанд пен Қашғардың әмірлері бағынған. Сонымен қатар Бұхара мен Самарқанд секілді ірі орталықтармен сауда-экономикалық байланыс орнатуының да жақсы әсерлері болған. Осы кезде Қарахандықтар көршілес жатқан мемлекеттерді өздеріне бағындырды, Самарқанд, Бұхара, Хорезм мемлекеттері қарахандықтардың күшін мойындап тізе бүккен. Қарахандықтар иелігінің астанасы ретінде саналған Тараз қаласының да маңызы арта түскен. Сонымен қатар қала жоғарғы деңгейде дамыған маңызды мәдени-экономикалық орталық атанды [3, 228].

Қала мен отырықшы халықтың өмірінде егіншілік пен мал шаруашылығы маңызды рөлге ие болды. Ортағасырлық авторлар Тараздың жергілікті халқы бидай-тары егумен, бау-бақша өсірумен айналысқандығын жазған. Бау-бақша кәсібінің жақсы дамуы ортағасырда қоғамдық өндіріс күштерінің дамуы мен суару жүйесіне де байланысты болды. Т. Н. Сенигованың қазба жұмысы барысында төртінші қабаттан жидек ағашының-өрік, алша, шие сүйектері табылса, бау-бақша жемістерінен-қауын, қарбыз, жүзім дәндері анықталған. Қала ішінде жүргізілген қыш

құбырлар Тараздағы егіншілік мәдениеттің де деңгейі жоғары болғанын көрсетеді.

Қалада сазбалшықтан жасалған су құбырлары мен кәріздер, тас төселген көшелер мен жаяужолдар болды. Археологтар қаланың батыс бөлігінен құбырлар мен кәріздердің орнын анықтаған [4, 54]. Құбыр Талас өзеніне жалғанған екен. Яғни бұл қалаға су Талас өзенінен құбырлар арқылы жеткізіліп отырған. Талас арнасынан қала ішіне су тарту үшін құбырларды қыштан жасаған. Өзен суының екпіні мен құбыр арқылы су қала шетіне дейін жеткен. Сол кезде су құбырын осындай деңгейде ойлап табу үшін инженерлік дәрежеде ақыл-ой мен білімнің жоғарғы деңгейде болғанын археологтар растап отыр [5, 62].

Сондай-ақ қазба орындарынан ұсақ малдың сүйектері табылған. Оңтүстік-шығыс аумағының тұрғындары жылқы шаруашылығымен айналысса, одан кейін қой өсіру (40,96 %), сиыр өсіру (26,16 %), жылқы өсіру (18,88 %), есек өсіру (8,03 %) пайызды құраған. Тіпті түйе мен шошқа жануарларын да асыраған [6, 137] екен.

Қарахан дәуірінде Тараз түрлі тауар өндіру орталығы мен халықаралық ірі сауда-саттықтың орталығына айналды. Қаланың сауда үшін маңыздылығы, Тараз арқылы барлық мемлекетке шығатын жолдарында болды. Ұлы Жібек жолы бойында сауда қызып жатты. Сауда байланысы қала мәдениетін дамытудың маңызды ықпалы болды. Бұл кезеңде Тараз сырттан келетін тауарлармен ғана шектелген жоқ, өз өндірісін де саудаға қойып отырды. Жергілікті шеберлердің қолынан шыққан дүниелер Тараз өнерінің

атын шығарды. Қалада тауар алмасудың негізгі үш бағыты болды олар: мемлекет арасында, қала мен аймақтар арасында және қала мен көшпенді дала арасындағы сауда айырбасы. Жергілікті саудада жәрмеңкелер де ұйымдастырылып отырған. Жетісудың оңтүстік-батыс жеріндегі маңызды сауда орталығы Тараз болды. Қалада ақшалай сауданың дамығанын VIII ғасырда басылған түргеш пен тухси тиынарынан байқауға болады және олар XI ғасырға дейін қолданыста болған [7, 215]. Ұлы Жібек жолындағы Тараздың сауда көзінің бірі көшпелі тайпалар болатын. Маңайдағы көшпелі түркі тайпалары өз өнімдерін жаз, күз айларында қалаға саудаға әкелетін. Олар саудаға төрт түлік малды және олардың өнімдерін базарға шығарып, өздеріне қажет қолөнер бұйымдарын, астық пен мата бұйымдарын сатып алатын. Сауданың дамығаны соншалық дала тайпалары тек жылқы, түйе, қой сатумен ғана шектеліп қана қоймай, кеніштерден алынатын металдан, күмістен, бағалы терілермен, кигіз-текеметпен, ер-тұрман мен садақ жасап сауда жасады. Ал отырықшы-егінші халық астық, қару-жарақ, киім-кешек, мата мен қолдан жасалған зергерлік бұйымдарын шығарған. Ортағасырда осылай дами бастаған қатынастар келе-келе тікелей тауар алмасуын ақша ығыстыра түскен болатын.

Қарахан кезеңі мәдениет пен өнердің өркенделуімен ерекшеленді, түркі тарихында алғаш рет ислам діні мемлекеттік дін болып жарияланды. Бұл жаңа мемлекет мұсылман әлемінің ажырамыс бір бөлігі болды. Жаңа дін өмірде заңды өзгерістерге алып келді. Осы кезде басты екі сұраққа назар аударылады. 1–түркі

халқының ислам өнеріне үлес қосуы (діни дәстүрге байланысты жаңа стиль). 2–қала өнеріне дала мәдениетінің канондары мен бейнелерін енгізуді [8, 25].

X–XII ғғ. Оңтүстік Қазақстан жерінде ондаған архитектурасы ғажайып гүлденген қалалар, сарайлар мен мешіттер, зәулім кесенелер мен медреселер, қолөнершілердің, темір ұсталарының, зергерлердің шеберханалары мен тұрғын-үй кварталдары пайда болды. Бұл уақыттың архитектурасындағы басты бағыт-құрылыс әдістерінің жаңа түрлерінің пайда болуы, қоғамдық және діни ғимараттарды конструктивті және декоративтік қайта құру идеясы болды. Құрылыс материалдарының жаңа түрлерін—ганча, алебастр, терракоттар мен изразцалы плиталарды жасауды меңгерді. Шикі кірпішпен қатар ғимараттардың іргетастарын күйдірілген кірпіш пен құрылыс тастан қалау кеңінен таралған. Құрылыс әдісінде ғимараттың қасбеттері мен сәндік бөлігі кірпіштерді төртбұрыш, үшбұрыш, ромб, шырша әдісімен сәнделіп қаланған. Қабырғалардың кірпіштерін қалап босағасын беріктеу үшін тальник, қарағаш, жидек, арша және тағы да басқа ағаш байламдар көбірек пайдаланылған.

Бұл кездегі баспаналар көбінесе бірдей типте салынған, олардың бір-бірінен айырмашылығы ішкі жабдықталған көрінісі мен үйдің өлшемдерінде ғана байқалған. Осы кезеңде қаланы абаттандыру мен сәулеттендіру жұмыстары қарқынды жүріп жатты. Қаланың сызбасы бойынша, қала құрылысы қиылысатын көшелерден тұрды. Шығыс сәулетімен күрделі жоспарланып салынған. Тараздың тұрғын үй көшелері қоғамдық орындарға қарағанда шағын болып келеді [9,

36]. Қала салу өнерінің алғашқы кезеңінде Соғды мен Шаш қаласынан қоныс аударғандар енгізген соғды әдістері анық байқалады.

Ортағасырда монументалды моншалар тек үлкен қалаларда ғана салынды. Ал Тараз қаласындағы монша өзінің монументалдығымен архитектуралық жобасына қарағанда Орта Азия мен Қазақстандағы архитектураның сирек кездесетін үлгісі [10, 106] бола алады. Осы кезеңде Тараз қаласында ерекше салынған қоғамдық моншасымен де танымал болған. Моншаның едені күйдірілген кірпіштен төселген. Монша орны шахристанның солтүстік-шығысынан табылған. Бірнеше бөлмеден тұрады және төбесі шар тәрізді күмбездермен жабылған. Монша ыстық бу жүретін арналардың көмегімен қыздырылып отырған. Кіре беріс есігі солтүстікке қаратылған және түрлі көлемдегі бөлмелерден тұрған. Тараз моншалары Орта Азия мен Қазақстан жерінде ежелгі және жақсы сақталған моншалардың бірі. Монша қабырғалары фрескомен бай сәнделген. Онда көбінесе геометриялық және өсімдік өрнектері бейнеленген [11, 24]. Сол заманның дәрігері Закрия әр-Рази моншаның адам денсаулығына пайдасын жазып, моншаға келушілер күйбең тіршілікті ұмытып демалуы үшін, монша ішін көркемсуреттермен өрнектеуді ұсынған [12, 299]. Моншаны тек тәннің тазалығы ғана емес, сонымен қатар жанның да тазалығы деуге болады. Себебі ортағасырда моншаға келушілер бір-бірімен философиялық ойларымен бөлісуге, дипломатиялық мәселелерді шешуге, саудагерлер сауда жөніндегі мәселелерін талқылауға, демалуға жиналып отырған. Яғни моншаның өз мәдениеті болған.

Сонау ертеортағасырда салынған теңге сарайы, Қарахан кезеңінде де жергілікті билеушілердің атынан теңге шығаруын жалғастырды. Сондықтан саяси жағынан күшті қаланың экономикасы да мықты болған. Археологиялық қазба жұмыстары нәтежиесінде табылған заттар Тараздың мәдени-экономикалық өсімін айқын сипаттайды. Соңғы жылдардағы археологиялық олжаларды зерделей отырып, Қарахан дәуірі өнерін зерттеу арқылы түркілердің ислам өнерінің дамуына қосқан үлесі, діни және зайырлы сегменттердің өзара қарым-қатынасы мен көркем мәдениеттегі кәсіби және халықтық көркем дәстүр туралы сұраққа жауап беруге мүмкіндік жасайды. Қолөнерінің дамуы сауда мен қалалардың дамуымен қатар жүрді. Сонымен қатар қаланың жергілікті шеберлері халық пен сауда сұраныстарын қанағаттандыра алатындай өзіндік өндіріс орындары болды. Ежелгі шаһарда қыш күйдіретін және металды балқытуға арналған арнайы пештер болған.

Осы кезеңдеде құмыра ісі, тоқымашылық ісі, шыныдан бұйымдар жасау ісі, темірші ұсталары, мыс балқытушылар мен зергерлік ісі жақсы дамыды. Қазба барысында қолөнершілердің кварталында шеберхана орындары анықталды. Ортағасыр шеберханаларға қарап қолөнер өндірісінің деңгейін біле аламыз. Табылатын бұйымдар көбінесе керамика, шыны, металл, сүйек пен тастардан тұрады.

Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстан жерінде шыны өндірісі де кеңінен таралған. Жергілікті шеберлер өз шеберханаларында өте көп мөлшерде шыныдан ыдыстар жасағаны белгілі. Жергілікті жерден табылған шыны ыдыстар X–XII ғасырларға жатады. Шыны өндірісінің

орталығы Тараз қаласымен қатар Үзген, Варахша сияқты ірі қалалар болған [13, 77]. Тараз шеберлері шыны бұйымдарын екі түрлі әдіспен жасаған. Біріншісі – үрлеу арқылы күрделі формалы іші қуыс ыдыстарды жасады. Екіншісі – бұйымдарды формаға салып үрлеу болған. Шыныдан жасалған бұйымдардың арасындағы ең сәнділері графиндер мен бокалдар, саптыаяқ пен құмыра ыдыстары болды. Көбісінің иықтары мен бүйірлері әр түрлі түсті сызықтармен және өрнекті жапсырмалармен әшекейленген. Қазба жұмысы барысында тұрмыста қолданылатын шыны ыдыстан басқа, химиялық ыдыстар да табылған [14, 20].

Темір ұсталары темірден қару-жарақтар мен еңбек құралдарын, сонымен қатар тұрмыста қолданатын бұйымдарды жасады. Қалада зергерлік ісі де жақсы дамыды. Мәнерлеп құюды, шекуді, бедерлеуді, оюлауды, өрнек түсіре білуді, нақыштауды білетін зергер адам деп аталды. Зергерлер – тұмар, күміс пен қола білезіктерді, сырғаларды, жүзіктерді, қоңыраушалар мен салпыншақтарды алтын, күміс, қоладан құйып дайындаған. Тастан, шыныдан, саздан, сүйектен моншақтар жасады. Кейбір нефрит, агат, ақықтан жасалған бұйымдардың шикізатын жергілікті жерден өндірісе, көк ақық, лазурит, тау хрустальдарын алыс жерлерден алдыртып отырған. Ортағасырда күмістен жасалған бұйымдарға қазақтың зергерлік бұйымдары ұқсас болып келеді. Қолдан жасалған бұйымдар нефрит, көгілдір ақық, інжу мен ақық тастармен керемет үйлесім тапқан. Мұның өзі сол кездегі қолданбалы өнердегі көркемдік дәстүрдің ерекшеліктерін білдірсе керек.

Моншақтар, айылбастар мен ортасы тесілген теңгелер де сол кезде әшекей қатарында болған [15, 214].

Мыс ісі шеберлердің санының көптігі жағынан маңызды кәсіптің бірі болды. Ертеортағасырмен салыстырғанда X–XII ғғ. металл бұйымдардың саны артты. Мысшылар ыдыс, шам қойғыштар, шырақтар мен әшекейлер дайындаған. Олар көбнесе зергерлікпен де айналысқан. Мыстан жасалған бұйымдар қатарын су таситын құмыралар мен құмғандар, шырағдандар толықтырды. Металл өңдеу ісі мен зергерлік ісі бір-бірімен тығыз байланысты болған [16, 285–287].

Осы кезеңде құмыра жасау ісі кең таралды. Қыш өндірісінде оюлап өрнектеу мен сырлау әдісі дамыды. Қолөнершілердің негізгі өнімін саздан жасалған ыдыстар құрайды. Ондағы өрнектердің сюжеттері—діни, антропоморфты, зооморфты, геометриялық бейнелер болды. Антропоморфты ыдыстардағы жапсырмалар ғұрыптық ыдыстарда жиі бейнеленген. Ертеорта ғасыр кезеңінен бастап көзешілердің негізгі өнімдері—хум, хумша, құмыралар мен көзелер, саптыаяқтар мен кеселер, қазандар және тағы да басқа үй шаруашылығына арналған бұйымдардан тұрды. X ғасырдан бастап қолдан жасалған ыдыстарға қарағанда, шарықта жасалған ыдыстар көбейді. Қарахан дәуіріндегі ыдыстардығы бояулардың басым түсі: сары, жасыл және ақ болды. Мәселен сырлы керамиканы алатын болсақ, ол кезде қыш ыдыстар металл бұйымдарға ұқсас етіп жасалған. Сондықтан ыдыстың беті сары түске боялған, оның себебі ыдыс мыстан жасалған бұйымдарға ұқсасын дегені болу керек. Осы кезге дейін тек сән-салтанатта пайдаланатын ыдыстар ғана сырланып өрнектеліп келсе,

X–XII ғғ. күнделікті ас үйде қолданылатын қарапайым ыдыстар да сырланған. Өрнектеу өнерінде де өзгерістер болды. Бұрын ыдысты ою, жапсырма жапсыру арқылы сәндесе, енді олармен қатар көркемсурет, баспа өрнектерімен сәндей бастады. Тараздың үшінші қабаты осы XI–XII ғғ. Қарахан кезеңіне тиесілі. Осы қабаттан қыш ыдыстардың жиынтығы жиналды. IV қабаттан табылған ыдыстарға өте ұқсас.

Ортағасырда қыш мәдениетінің дамығаны соншалық, қала құрлысы да күйдірілген кірпішпен тұрғызылған. Қыштан жасалған бірнеше дастархан бөліктері де табылды. Оның аты дастархан болғанымен, ол да бір ыдыстың рөлін атқарған. Оның үстіне құрғақ тағамдар мен жеміс-жидектер қойған. Табылған үлкен хумдар астықтарды ұзақ мерзімге бірнеше айға дейінгі сақтау қызметін атқарған. Қыш ыдыстарда тұрған тағамдар бұзылмай жақсы сақталған. Қолөнершілер саздан ыдыстардың түрлі формасымен жасап қана қоймай, сонымен қатар, құрылыс материалдарын, оның ішінде-күйдірілген кірпіш, қаптауыш терракоталар мен тағы да басқа заттарды жасады.

Архитектуралық декор әдісі ислам өнерінің ең жарқын көрінісі болып табылады және өзінің әмбебаптығын сан ғасырға сақтаған. XI ғ. өсімдіктік өрнектің жаңа стилі өрілген өрнек (герих) пен араб жазулары IX–X ғғ. (жалпыхалифат стилі) өрнектер жаңа талғаммен ерекшеленеді, ол исламның эстетикалық талғамын көрсетеді. Өсімдіктік стильдің шығу тарихын А. Ригля мен Э. Херцфельдтың еңбектерінен бастап эллиндік халықтың әсерімен байланыстырады. «Толқынды өрнек» исламдағы арабеска, өсімдіктік

өрнектің негізі эллиндік өрнектің бөлшегі болып табылады. Мұндай қортынды өсімдік өрнегі негізіндегі жаңа спиральды өрнектерге қатысты. Спираль тәрізді лоза ежелгі және жаңа өсиеттердегі мұсылман жұмағының символикалық түсіндірмесімен байланысты [17, 36] болған.

Түркі халқын көркейту нәтежиесінде түркі жазуы араб графикасына көшті. Сонымен қатар Қарахан дәуірінде қалада мұсымман құрылыс ғимараттары: кесенелер, мешіттер, мұнаралар мен медреселер салына бастады. Тараз аймағында Айша бибі (XI–XII ғғ.), Бабаджа хатун (X–XI ғғ.), Қарахан кесенесі (XII ғғ.), Дәуітбек кесенесі (XIII ғғ.) кесенелердің іргесі Қарахан дәуірінде қаланған [18, 100–102]. Осы кесенелер арқылы сол кездегі қолөнершілердің тамаша өнер туындыларын көре аламыз. Көбінесе күмбездің пішіні кигіз үйдің түріне еліктеліп жасалынған. Кесененің алдыңғы қасбетінің сипаты мен қосымша архитектуралық өңдеу ісі пайда болады. Осы кезеңде жоғарғы деңгейде өркендеген көбнесе декоратив өнері етін. Құрлыс нысанының кіреберіс жағындағы бағаналардың сыртын кілемнің бетіндей өрнектеу сәнде болған. Қарахандық дәуірде архитектура ғимаратының қабырғасын өңдеуде қолданылған ою-өрнектің сарынын қазақ халқы өз өнерінде ғасырлар бойы сақтап келе жатыр. Бұл әрине айтылған өнерде халықтың тамыры күшті екенін дәлелдейді [19, 40].

Сонымен қортындылай келе Қарахан мемлекеті Орта Азия мен Қазақстан халықтарының тарихына баға жетпес құнды мәдени мұралар қалдырды. Қарахан мемлекетінің құрамына кірген шікіл, тухси, қарлұқ және

т. б тайпалар қазақ, өзбек, қырғыз және т. б түркі халықтарының этногенезінде елеулі орын алған. Сондықтан бүгінгі таңда Қарахан мемлекетінің тарихы мен мәдениетін зерттеп зерделеуде тарихшы ғалымдар жазба деректер арқылы, археолог мамандар қазба жұмыстары арқылы тарихымызды толықтыра түсуде.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. К. М. Байпақов, Ж. Қ. Таймағамбетов, Қазақстан археологиясы. Алматы, 2009 ж. 266–267 бб.
2. Бартольд В. В. Отчет о поездке в Среднюю Азию с научной целью. Соч., т. IV, С. 33.
3. Караев О. История Караханидского каганата (X–начало XIII вв.). Фрунзе 1983 г., С. 228.
4. Бернштам А. Н. Памятники старины Таласской долины. Алма-Ата–1941. С. 54.
5. Байпаков К. М, Ерзакович Л. Б. Древние города Казахстана. Алма–Ата. 1971 г. С. 62.
6. Бубнова М. А. Средневековое поселение Актобе I ус. Орловки. Сб. «Археологические памятники Таласской долины», Фрунзе, 1963, С. 137.
7. Байпаков К. М., Капекова Г. А, Воякин Д. А., Марьяшев А. Н. Сокровища древнего и Средневекового Тараза и Джамбулской области. Тараз 2011 г.
8. Гюль Э. Христианские и буддийские символы в исламской орнаментике // Тезисы научной конференции НИИ искусствознания. Ташкент, 2007. С. 25.
9. Лавров В. А. Градостроительная культура Средней Азии. Москва.1950. С. 36.
10. Маргулан А, Басенов Т, Мендикулов М. Архитектура Казахстана. Алма-Ата 1959. С. 106.

11. Бернштам А. Баня древнего Тараза, Труды Отдела Востока. Гос. Эрмитаж, том. II, 1940 г. С. 24.

12. Байпаков К. М. Сокровища Древнего и средневекового Тараза и Джамбылской области. Тараз 2011. С. 299.

13. Байпаков К. М. Поливная керамика Семиречья. ВАН Каз.ССР, 9\240\, 1965, С. 77 Байпаков К. М. Поливная керамика Семиречья. ВАН Каз. ССР, 9\240\, 1965, С.77.

14. Агеева Е. И. Средневековое стекло из Тараза // По следам древних культур Казахстана.– Алма-Ата: Наука, 1970. – С. 20.

15. Байпаков К. М, Капекова Г. А, Воякин Д. А, Марьяшев А. Н. Сокровища древнего и Средневекового Тараза и Джамбулской области. Тараз 2011 г. С. 214.

16. Сенигова Т. Н. Новые находки в Семиречье. 1970 г. С. 285–287.

17. Гюль Э. Христианские и буддийские символы в исламской орнаментике // Тезисы научной конференции НИИ искусствознания. Ташкент, 2007. С. 36.

18. Денике Б. Архитектурный орнамент Средней Азии, М. 1939, том II, С 100–102.

19. Денике Б. П. Архитектурный орнамент Средней Азии. М. -Л., 1939 г., С. 40.

Қарахан дәуіріндегі Тараз. Қарахан журналы. Тарихи танымдық, әдеби-көпшілік журнал. № 4 (117–118) шілде-тамыз 2023 ж.

КӨШПЕЛДЕР ӨРКЕНИЕТТІ ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

А.Н.Мамбеталинова, тарих магистрі, «Абылай хан резиденциясы» музей кешенінің тарих ғылыми-зерттеу бөлімінің меңгерушісі, Петропавл қ., Қазақстан Республикасы, aliya8524@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада әлеуметтік - саяси ғылымында әлем өркениеттегі Ботайдың әлі де терең зерттеле қоймаған орны мен рөлі мәселесі қарастырылады. Мақалада Ұлы даладағы Қазақстанның көшпелі өркениеттегі орны мен рөлі және әлемдік өркениетке Ботай мәдениетінің әсері қарастырылады. Алғаш рет жабайы жылқы Ботайда қолға үйретілген. Ботай далалық өркениеттің басы болатын біздің дәуірден бес мың жыл бұрын өмір сүрген тарихи дәуірдің ұлы мәдени мұрасы болып табылады. Шын мәнінде, қазақтар дала өркениетіндегі Ботай мәдениетінің негізгі мұрагері ретінде Евразияның таулы және далалық жеріндегі климатына сай өмір сүрген. Сонымен қатар мақалада дискуссиялық мәселелерге де көңіл бөлінген.

Түйінді сөздер: қоғам, мемлекет, өркениет, дала өркениеті, көшпелі өркениет, Ботай мәдениеті, малдарды қолға үйрету, адам, тұрғындар, көшпелілер, этнос, щаруашылық, өмір, интеграция.

Қазіргі Қазақстанның тарихын түсіну Қазақстанның Ұлы даланың мұрагері екенін көрсетеді. Ал тарих өткенімізді тарихи тұрғыдан қайта қарау үдерісінің жаңа парағын ашып, қазақстандықтардың тарихи санасын одан әрі қалыптастыруға бағытталған. Тарихымызды білу, қазақ халқының және Қазақстанның басқа

этностарының этногенезіне әсер еткен тарихи, саяси оқиғалар мен құбылыстарды түсіну арқылы ғана біз өткен тарихымыздың барлық ұлылығын тарихымызбен жақсырақ танып, түсініп, жүзеге асырамыз және сол арқылы, жарқын мысалдар арқылы азаматтарымыздың қоғамдық санасын жаңғырта аламыз. Қазақстан – әлемдік өркениет бесігі. Кез келген өркениет, саясат тарихпен тығыз байланыста қалыптасқаны даусыз. Бұл идеяның растауын американдық ғалым И.М.Сейттің тұжырымынан табамыз: «Тарихты зерттеу тек фактілерді нақтылаумен ғана шектелмейді және бізге не істеуге немесе жасауға мүмкіндік береді. Ол көкжиектерді кеңейтеді және тарихи мағынаға ие болатын оқиғаларға көзқарастарды құрастырады. Біз салыстырмалы түрде оқшауланған оқиғалар арасындағы байланыстарды байқаймыз. Біз бүгінгі күннің бастауы өткенге көмілгенін және тарих өткен саясат екенін, ал бүгінгі саясат болашақ тарих екенін түсінеміз»[1].

Кез келген маңызды әлеуметтанулық және саясаттанулық зерттеулер тарихқа, оның ішінде саяси тарихқа жүгінуді талап ететіні анық. Адамдар әрқашан өркениетті қоғам ретінде өркендеуді армандаған. Тарихи өткен тарихпен танысу әлемдік өркениет жауһарларымен, ежелгі өнер мен әдебиеттің қайталанбас ескерткіштерімен танысу ғана емес, адамгершілік пен көркемдік тәрбиенің мектебі ғана емес, сонымен қатар қазіргі заманның ажырамас бөлігі екенін түсінетіндер саны артуда. Өмір, белгілі бір дәрежеде тарихи тәжірибе призмасы арқылы бүгінгі және тіпті болашаққа баға беру болып табылады.

Линия А. Квадрат А-I слабо гумуссирован, но в западном профиле фиксируется высокий уровень задернованности, потому что в западной части было расположено еще одно ботайское жилище, изученное в 2022 году. Дерновый слой достигает 20-25 см. и сменяется плотным светло-коричневым суглинком в южной части профиля. В северной части профиля видны остатки естественных скоплений каменных пород. Рядом с естественным скоплением фиксируется линза из красно-коричневой охристой супеси. Светло-коричневая супесь содержит также осколки костей.

Квадрат А-II имеет средний уровень задернованности и гумуссированности. Дерновый слой достигает 10-15 см. и сменяется серо-гумуссированным суглинком варьирующимся на уровне от 30 до 40 см. Серо-гумуссированный суглинок сменяется в северной части профиля на охристую супесь красно-коричневого окраса, и в южной и центральной части на плотный светло-коричневый суглинок и светло-коричневую супесь.

Квадрат А-III имеет средний уровень задернованности и отсутствием гумуссированного слоя. Дерновый слой достигает 25 см. и сменяется рыхлым светло-коричневым суглинком. В северной части профиля светло-коричневый суглинок сменяется светло-коричневой супесью. На глубине 70 см. уже фиксируется материковый слой.

Линия В. Квадрат В-I сильно задернован, южная часть квадрата занимает северную часть жилищной конструкции. Мощность дернового слоя доходит до 20 см. в северной части профиля фиксируется серо-гумуссированный суглинок, который идет сразу за дерном, и достигает 15 см. В южной части дерновый слой сменяется темно-гумуссированным суглинком мощностью до 80 см., затем сменяется светло-коричневым суглинком.

Пространство квадрата В-II занимает жилищная конструкция, с сильным задернованным и мощным гумуссированным слоями. Мощность дернового слоя составляет 20 см. Весь профиль представлен темно-серо-гумуссированным суглинком до глубины в 90 см. и

сменяется коричневым суглинком, переходящим в материковый слой.

Квадрат В-III не сильно отличается по разнообразию стратиграфических слоев вне жилищных конструкций. Дерновый слой достигает 10 см. в южной части профиля, вне жилищного пространства. В северной части профиля дерновый слой достигает 20 см. и переходит в серо-гумуссированный суглинок мощностью до 70 см. В южной части профиля за дерном следует светло-коричневый суглинок. Вне жилищного пространства материковый слой начинается с 50 см.

Линия С. В квадрат С-I дерновый слой перемежается темно-гумуссированным суглинком. Мощность дернового слоя составляет 10-13 см. и сменяется светло-коричневой супесью. В южной части профиля фиксируется темно-гумуссированный суглинок мощностью до 30 см. и переходящий в серо-гумуссированный суглинок, смешанный с коричневой рыхлой супесью. Материковый слой начинается на уровне 90 см.

В квадрате С-II западный профиль показывает восточную границу жилищной конструкции с мощным гумуссированным слоем. Задернованность квадрата достигает 20 см. В южной части профиля мы фиксируем серо-гумуссированный суглинок мощностью до 30 см., в северной части профиля наблюдается темно-гумуссированный суглинок мощностью до 60 см. и затем сменяющийся коричневым суглинком. Вне жилищного пространства серо-гумуссированный суглинок сменяется на плотный светло-коричневый.

В квадрате С-III дерновый слой достигает 10 см. В южной части профиля дерновый слой практически не заметен. И сменяется на серо-гумуссированный суглинок толщиной слоя в 15 см. В северной части профиля дерн сменяется темно-гумуссированным суглинком мощностью до 25 см. За гумуссированным суглинком наблюдается плотный светло-коричневый суглинок.

Линия D. Половина квадрата D-II занимает жилищное пространство конструкции II. Дерновый слой варьируется от 15 до 25 см. в южной части профиля. За дерном следует серо-гумуссированный суглинок мощностью до 35 см., далее светло-коричневый суглинок и супесь.

Квадрат D-III сильно гумуссирован и задернован. Все пространство квадрата занимает жилищное пространство. Дерновый слой достигает 25 см., переходящий в темно-серо-гумуссированный суглинок мощностью до 90 см. Далее идет слой коричневого суглинка на уровне 110 см. в Южной части темно-гумуссированный суглинок сменяется на серо-гумуссированный суглинок, показывая сужение жилищного пространства.

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының тарихи киелі жерлері.

Құттыбай Мәдениет Мақатұлы
младший научный сотрудник
РГКП «Государственный историко-культурный
музей-заповедник
«Ботай»» МКИ РК

КІРІСПЕ

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Халқымыздың тереңге тартқан қойнауынан атадан балаға, ғасырдан ғасырға мұра болып жеткен өшпес асыл қазынасы: әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, мәдениеті – рухани құндылығымыз, баға жетпес асыл қазынамыз. Ата-бабаларының дәстүрін сыйлап, шежірелік деректерді шын қастер тұтатын рухы биік халқымыз әрбір тау-тасын, жазық даласын, үңгірін, өзен-көлін қасиетті, киелі санайды. Туған жерге, жаратылыс құбылыстарына, табиғатқа деген дүниетанымдық көзқарасы, ықыласы таңғажайып көркем. Айнала қоршаған табиғатты тірі деп қабылдау, өз ұрпағын оған қиянат жасамауға тәрбиелеу қазақ халқының ырым мен тыйымдары туралы түсінігінде тұнып тұр.

Елбасы Н. Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Әрбір халықтың, әрбір өркениеттің баршаға ортақ қасиетті жерлері болады, оны сол халықтың әрбір азаматы біледі. Бұл – рухани дәстүрдің басты негіздерінің бірі. Біз ұлан-ғайыр

жерімен аса бай рухани тарихы бар елміз. Ұлы Даланың көз жеткізгісіз кең-байтақ аумағы тарихта түрлі рөл атқарған. Біз тарихымызда осынау көркем, рухани, қастерлі жерлеріміздің біртұтас желісін бұрын-соңды жасаған емеспіз.

Мәселе, елімізде ескерткіштерді, ғимараттар мен көне қалаларды қалпына келтіруде тұрған жоқ. Идеяның түпкі төркіні Ұлытау төріндегі жәдігерлер кешенін, Қожа Ахмет Ясауи мавзолейін, Тараздың ежелгі ескерткіштерін, Бекет ата кесенесін, Алтайдағы көне қорымдар мен Жетісудың киелі мекендерін және басқа да жерлерді өзара сабақтастыра отырып, ұлт жадында біртұтас кешен ретінде орнықтыруды меңзейді.

Мұның бәрі, тұтас келгенде, халқымыздың ұлттық бірегейлігінің мызғымас негізін құрайды.

Біз жат идеологиялардың әсері туралы айтқанда, олардың артында басқа халықтардың белгілі бір құндылықтары мен мәдени символдары тұрғанын есте ұстауымыз керек. Тиісінше, оларға өзіміздің ұлттық құндылықтарымыз арқылы ғана төтеп бере аламыз.

Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі – неше ғасыр өтсе де бізді кез келген рухани жұтандықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы», - деп нақтылаған болатын [1, б. 1-2].

Солтүстік Қазақстан облысы өңірі, яғни Айыртау ауданында тарихи орындар мен ескерткіштерге өте бай. Қазіргі күні өңірімізде 1793 тарихи-мәдени мұра ескерткіштері бар. Олардың 1-еуі республикалық дәрежедегі ескерткіштер болса, 1032-сі жергілікті мәні

бар ескерткіштер. Сонымен бірге, 757 алдын ала есепке алынған тарихи-мәдени нысандар бар[2].

Киелі жерлерге қатысты ұғым-түсініктер өзгермелі, оның жалпыұлттық сипаты талай жылдарда қалыптасып, орнығатынын есте ұстағанымыз жөн. Және ол біздің осы бағытта жүргізілетін жүйелі істеріміздің, жаңа сападағы насихат, зерттеулеріміздің нәтижесіне де байланысты.

Зерттеу жұмысының мақсаты. Киелі жерлерді көрсете отырып, Қазақстанның рухани құндылықтарын жаңғырту. Өзіміздің жерімізді, тарихымызды, рухани-мәдени мұрамызды бойымызға сіңіру, жаңа деңгейде танып-білу.

Зерттеу жұмысының міндеттері.

- Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданының киелі орындары туралы зерттеулерді қарастырып, деректер жинау;

- Қазақстан тарихы сахнасында киелі нысандардың тарихи орны мен маңызын анықтау;

- Айыртау ауданының өңірінің тарихи тұлғалары туралы деректер жинап, еліміздің дамуына тигізген ықпалдарын анықтау;

- Айыртау ауданының өңірінің киелі жерлері туралы жинақталған мәліметтердің болашақ үшін маңызын айқындау;

- Айыртау ауданының өңірінің қасиетті тарихи орындарды анықтап, оларды ұлттық ұстаным деңгейіне көтеру;

- Рухани құндылықтарды зерттеудің маңызын айқындау.

Зерттеу жұмысының нысаны мен пәні. Айыртау ауданының өңірінің киелі жерлерінің тарихи маңызы мен проблемалары. «Мәдени мұра», «Туған жер», «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалары.

Тақырыптың зерттелу деңгейі.

2004 жылдан «Мәдени мұра» бағдарламасын жүзеге асыра бастаған кезден – бастап тарих пен мәдениеттің 78 ескерткішінде реставрациялық жұмыстар бітірілген, олардың 28-і 2008-2011 жылдары қалпына келтіру жұмыстары өткізілген болатын.

Тәуелсіз Қазақстан тарихында алғаш рет еліміздегі ескерткіштердің масштабты инвентаризациясы өткізілді және республикалық (218 нысан) және жергілікті (11 277 нысан) маңызы бар тарих пен мәдениет ескерткіштерінің тізімі қабылданды.

Қытай, Түркия, Моңғолия, Ресей, Жапония, Мысыр, Өзбекстан, Армения, сонымен қатар АҚШ пен Батыс Еуропа елдеріне ғылыми-зерттеу экспедициялар нәтижесінде 5 мыңнан астам құнды тарихқа, этнографияға, Қазақстан өнеріне байланысты архивті құжаттар, қолжазбалар мен баспа шығарылымдары алынды.

2009-2015 жылдарда арналған өңірлік бағдарламаға сәйкес жаңа 973 археологиялық ескерткіш, 1278 мұражай экспонаты, 298 жылжымайтын нысан есепке алынып, сирек кітаптар қоры толықтырылған. Құнды кітаптарыдың 73 көшірмесі, 15 тақтайша, 320 құлпытас, 522 тарихи және тағы басқа ескерткіштер мемлекеттік қорғауға алынған [6, б. 65].

Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы:

«Қазақстанның киелі жерлер» жобасы:

- ҚР Ұлттық музейі кешенінде «Қасиетті Қазақстан» Орталығы құрылды.

- Жоба аясында жалпыұлттық және жергілікті киелі орындарды жүйелеу және іріктеу жұмыстары бойынша 40 ғылым және қоғам қайраткерлерінен тұратын Ғылыми-сараптамалық кеңес құрылды.

- Жалпыұлттық және өңірлік маңызы бар нысандар тізімі құрылып, аннотациялық маңызы бар 185 жалпыұлттық нысан анықталды.

- Жалпыұлттық маңызы бар қасиетті нысандардың 3d турларға құрылған виртуалдық картасы жасалды. Картада тарихи нысандар туралы қысқаша және толық ақпараттар берілген.

- Қазақстанның қасиетті жерлері туралы 3 фильм түсірілді.

Осы бағыттағы басты нәтижелердің бірі Ақмола облысындағы 10 нысанның «100 киелі жерлер» республикалық тізіміне енгізілгені болып табылады. (Құмай археологиялық-этнографиялық кешені, Абылай хан алаңы, Кенесары үңігірі, Батығай кесенесі, Оқжетпес тауы, Қабанбай батыр мазар-кесенесі, «Беспақыр» және Баубек батыр кесенелері) Бүгінде бұл нысандар жалпыұлттық игілік болып табылады.

QR кодтар – заманауи технологиялар көмегімен киелі нысандар туралы ақпаратты цифрландыру бойынша «Ескерткіштер сыр шертеді» атты жобасы, т. б. жобалар іске асырылып жатыр.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңашылдығы. Елбасы тарихи сананы жаңғырту мәселесінде: «Біздің дүниетанымымыздың, халқымыздың өткені мен

бүгінгінің және болашағының іргелі негіздеріне тікелей қатысты» деп ірі жобаларды ұсынады. Онда: «Кеңістік – барлық нәрсенің, ал уақыт – бүкіл оқиғаның өлшемі. Уақыт пен кеңістіктің көкжиегі тоғысқан кезде ұлт тарихы басталады», деп ұлттық тарихымызға терең үніліп, түп-тамырымызды жете танып, оның күрмеуі күрделі түйінін шешуге ұмтылу – баршамызға ортақ міндет деп ескертеді [1, б. 1-2]. «Мәдени мұра» - ақтаңдақтарды қалпына келтіріп, өшкенімізді жандырса, «Рухани жаңғыру», - ұлт тарихын таныстыратын даңғыл жол, ал «Ұлы Даланың жеті қыры» - ұрпақтар мақтанатын, арғы тектерін әлемге насихаттайтын төлқұжат деп қарауымызға болады.

Мемлекеттің келешегі үшін елімізде тарих ғылымын жетілдіруге Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен жүзеге асырылып келеді. 1995 жылы «Қазақстан Республикасында тарихи сананы қалыптастыру тұжырымдамасы» қабылданса, 1998 жылы «Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы», - деп жарияланды, ал «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы рухани және білім беруді дамыту салалар стратегиялық ұлттық жоба болып табылады. «Мәңгілік ел» идеясы, «Рухани жаңғыру болашаққа бағдар», «Ұлы Дала Елінің жеті қыры» атты Елбасының мақаласы аясында көптеген 92 іс шаралар қолға алынып жатыр. Бұл тек тарихшылардың қуанышы ғана емес, сонымен қатар ұлттық мақтанышымызды білдіреді.

Айыртау ауданының елді мекен тарихынан

Айыртау ауданы Қызылжар (Петропавл) округінің, 1932 жылы Қарғанды облысының, 1936 жылы Солтүстік Қазақстан облысының құрамында болды. 1944 жылы жаңа құрылған Көкшетау облысының құрамында, 1997 жылдың мамырында Арықбалық ауданын қосып қайта Солтүстік Қазақстан облысының құрамына енді.

Сарыарқаның солтүстігінде орналасқан аумақ батыста Имантау және Сырымбет тауларымен шектелген. Аудан аумағынан Ақанбұрлық, Қарасу, Тайсары, Құрқарағай, Иманбұлақ, Қамысақты деген өзендер ағады. Сонымен қатар, жері көлге бай. Олардың арасында Саумалкөл, Шалқар, Үлкен, Қоскөл, Имантау, Жақсыжалғызтау, Айыртаушық, Байсары деген көлдер үлкендігімен ерешеленеді.

Айыртау ауданы – мәдени мұра мен тарихи жәдігерлерге бай жер. Оның бірі – 15 гектар жерді алып жатқан, «Ежелгі Қазақстан тарихы», «Өлкетану» оқулықтарына енгізілген, республикалық маңызы бар, жалпы ұлттық киелі жерлер тізіміне еніп, ЮНЕСКО-ның қорғауындағы аса құнды Ботай тұрағы. Энеолит дәуіріне тиесілі «Ботай» қонысында жүргізілген қазба жұмыстары жылқының тұңғыш рет қазіргі Қазақстан аумағында қолға үйретілгенін дәлелдеді. Жылқыны қолға үйрету арқылы біздің бабаларымыз өз дәуірінде адам айтқысыз үстемдікке ие болды. Ал жаһандық

ауқымда алсақ шаруашылық пен әскери саладағы теңдессіз революцияға жол ашты. Жылқының қолға үйретілуі атқа міну мәдениетінің де негізін қалады. Бес қаруын асынған салтатты сарбаз айбарлы көшпенділер империялары тарих сахнасына шыққан дәуірдің символына айналды.

Қазақ халқының атақты батырлары – аш бөрідей анталаған ата жаулардан ұлан байтақ жерімізді қорғаған Қарасай батыр мен Ағынтай батыр. Жорықтас жолдасы Ағынтай батырдың шақыруымен Солтүстік өңірге келіп, сонда тұрақтап қалған Қарасай батырға Айыртаудың топырағы бұйырды. Ағынтай батыр да көп ұзамай қайтыс болды. Қазір екі батыр қатар жатыр. Мәдениет ауылының жанында екі батырға кесене тұрғызылып, мемориалдық кешен салынды. Арықбалық ауылдық округінің екі ауылына осы екі батырдың аты берілді.

Сырымбет ауылына жақын Уәлихановтар мекені орналысқан. Ол - XIX ғасырдың ағаш сәулет өнерінің ескерткіші, тарихи-мәдени мұра объектісі. Мекен Уәли ханның жесірі Айғанымға арнап орыс үкіметі 1822-1827 жылдары салды. Құрылымы, жоспарлануы және орналастыруы бойынша XIX ғасырдағы орыс помещьесіне ұқсайда. Ол қонақ үй, мектеп, мешіт, диірмен үй қызметшісіне арналған тұрғын-жай, монша, шаруашылық құрылыстардан тұрды [2,1-52 пп.]. Осында Шоқан Уәлихановтың балалық шағы өтті. Уәлихановтардың тектілік мекені қазақ даласында білім беру идеяларын таратуда және мәдени мұраны насихаттауда маңызды рөл атқарды.

Бұл жерде ақындар айтысы өткен, белгілі ақындар, әншілер, музыканттар, композиторлар өнер көрсеткен, Біржан Қожағұлұлы, Ақан-сері Қорамсаұлы, әнші Көке Әлжанұлы, қобызшы Құрымбай Қанқожаұлы, ақын Ажардың жарыстары өтті. Мекенде көптеген орыс ғалымдары, саяхатшы және шенеуніктер (олардың арасында ақын С.Ф.Дуров, Г.Н.Потанин, А.К.Гейнс). Ш.Уәлихановтың қызметтестері, әртүрлі бағыттағы ғалымдар, олар қазақ халқының тұрмысына, фольклорына қызығушылық білдірген. Олардың барлықтары сол кезеңнің атақты ғалымдары: П.П.Семенов-Тянь-Шанский, Ф.И.Усов, Н.Ядринцев, А.Сотников.

1917 жылы мекен қаусағандықтан бұзылып, 1985 жылы Шоқан Уәлихановтың 150-жылдығына орай мекен қайтадан қалпына келтірілді. Осы жылы Ш.Уәлиханов атындағы Сырымбет тарихи-этнографиялық кешені ашылған. 6 бөлмеден тұратын музейде Шоқан туралы құнды мәліметтер жиналған. Сонымен қатар, оның туыстары және қазақ халқының рухани мәдениеті туралы бірталай материалдар бар.

Ботай қонысы

СҚО, Айыртау ауданы, Никольское ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 1,5 шақырым жерде.

Ботай қонысы энеолит дәуірінің археология ескерткіші (б.з.д. 4-3 мың) аумағы 15 га Иман-Бұрлық

озенінің оң жағасында тегіс алаңда орналасқан. Үстінде көптеген үйден қалған ойықтар көрінеді. Қазба жұмыстары нәтижесінде 10 мың кв.м. жер, 100 жуық үй зерттелді, 300 мың артефакт және жүздеген табылған сүйектердің 99% жылқы сүйектері. Ботайда көптеген шыраушылық құрылыстар, ошақтар, шұңқырлар, сүйектер, қарал-саймандар қазып алынды. «ҚР тарихи-мәдени мұрасын зерттеу және сақтау» үш жылдық бағдарламасының қорытынды кезеңінде Көкшетау археологиялық экспедициясымен Ботай қонысын зерттеу жүргізілді.

Жұмыстың негізгі көлемі ескерткіштің оңтүстік және шығыс бөліктеріндегі қазба жұмыстарын қорғаумен байланысты. Қазбаларды қорғаудан басқа қоныстың солтүстік-шығыс бөлігіндегі көктем кезінде жыл сайын жаңадан ұсақ жыралардың пайда болуына әкеп соқтыратын үлкен жыраның бастауындағы ұсақ жыраларды ішінара толтыру жұмыстары жүргізілді. Сонымен қоныстың жағалау желісінің бәрі қорғалатын қазбаларға жатады. Қоныстың оңтүстік бөлігінде мәдени қабат пен жаға желісінің үзілуі арасында келер жылдарға жоспарланған рекультивациялық жұмыстардың орындалуы мақсатында, жер қазушы техниканың жүруі үшін оңтайлы ені 6-8 м болатын алаң жасалды. Қазбаның жалпы көлемі 592 шаршы метр құрады. Жұмыстың басталу сәтінен бастап мәдени қабаттың ашылуы қарсаңында қоныстың орталық бөлігінде орналасқан реперден учаскелер беті тегістелді. Мәдени қабат қазбаның бүкіл аумағымен бір мезгілде қабат бойынша 10 см тереңдікте аршылды. Материалдарды тазалауда

«insitu» жүргізілді, ол құрылымдардың қалдықтарына, остеологиялық материалдар мен артефактардың жиынтықтарына қатысты олардың жоспарларын сызумен және стратиграфиясын жүргізумен қатар қолға алынды. Қабаттарды аршу барысында екі тұрғын жай кескіндемесі, шаруашылық және ошақ шұңқырлары, сүйектен бұйым жасайтын шеберлік ісі бойынша жұмыс орындарының қалдықтары, жылқы мен басқа да жануарлардың сүйектерінің сансыз көп жиынтығы табылды. Қазбаның батыс бөлігінің жоғарғы беткейлерінен неолиттік пластина тәрізді материал анықталды. Бұл факт Неолиттік уақыттағы мәдени қабаттың қайта болінуімен түсіндіріледі. Белгілену және материалды өңдеудің ыңғайы үшін қазба «А» және «Б» деген шартты аймақтарға бөлінеді. «А» аймағында 60-70 см тереңдіктен тұрғынжай орнының сегізбұрышты қисық пішінінің сұлбасы анықталды.

Қазба барысында жасалған стратиграфиялық бақылауда өткен жылдардағы қазбаларда анықталған мәдени қабаттың құрылуының заңдылығы түгел қайталаанады. Жердің беткі қабатынан бастап ордың түбіне дейінгі қабаттар былайша қалыптасқан: 0-10 см жоғарға құрылыс қабатының шөгінділері; 10-50 см — қара түсті қабатты саздың күйген қабаты, ол қара балшықтан сыланып, топырақ қабаттарымен жабылған төбенің құлау кезінде пайда болған. Бұл жағында азғантай доға тәрізді созылып жатыр. Ордың жиектерінен 30-70 см тереңдікте қара-қоңыр сазды топыраө кездесті, ол кей тұста ашық-қоңыр және сарғыш сазды топыраққа немесе құмдаққа айналады. Бұл да жиектен басталып, тұрғын

жай кеңістігінің ортасына қарай еңіспен төмен түседі. Осы жағдайда тұрғын жайдың сыртқы қабырғаларының құлаған үйіндісі бір жағынан орға келіп тіреледі, қабырғалардың құлаған бір бөлігі екінші жағынан ормен жалғасқаны анықталды. Тұрғын жайдың едені екенін білдіретін 50-60 см тереңдікте қара-күлді саз балшықты топырақ қыртысы бар екені байқалды. Сондай-ақ, төменіректе тұрғын жайдың екінші еденінің болғанын көрсететін 80-100 см тереңдікте қара-күлді саз балшықты қабаттың екінші бөлігі анықталды. Тұрғын жайдың еденіне қатысты қос қабат тұрғын жайды адамдар пайдаланған кезде және одан кейінгі үзілістен соң оны қайтадан пайдалану нәтижесінде пайда болған. Ернеулерді қазу кезінде көптеген жұқа қабаттарда сырдың, саздың, құмның, күлдің, кейде олардың араласқан түрлері байқалды. Тұрғын жайдың ішкі жағындағы күйіп-қақталған белгілеріне қарағанда ол алдымен өртеніп, кейін қалпына келтірілген тәрізді. Еденнің қос қабатты болуының өзі де ежелгі заманда болған осы оқиғамен байланысты болса керек.

Ордың солтүстік-батыс бөлігіндегі түбінде 60 см тереңдіктен диаметрі 90 см, тереңдігі 15 см № 2 ошақ шұңқыры табылды. Ошақ шұңқырының пішіні дөңгелек болып келеді. Стратиграфиясы мынадай: күйген қара-құрылыс қабатты саз 15 см тереңдікке дейін барады, ал одан төменде кәдімгі жердің сазы жалғасады. Шұңқырдан күйген сүйектердің қалдықтары, қырғыш құралдардың бірнеше сынықтары табылды. Шұңқыр еденнің екінші қабатында орналасқан. №1 ошақ шұңқыры 80 см тереңдікте И-11 учаскесінің солтүстік-

батыс бөлігінде орналасқан. Шұңқырдың пішіні диаметрі 73 см дөңгелек, тереңдігі 35 см. Шұңқырдың стратиграфиясы мынадай: жоғарғы құрылыс қабатындағы саздың өалындығы 20 см, күйген топырақтың қалындығы 5 см, одан әрі қарай 10 см тереңдікте ашық-қоңыр саз бен жердің сазы жалғасады. Шұңқыр еденнің бірінші қабатында орналасқан. З-11, И-11 шаршы аландарында диаметрі 40 см, тереңдігі 35 см 3 шұңқыр табылды. Бұл бағананың орны және шаруашылық істеріне арналған болуы керек. Этнография тұрғысынан алғанда әдетте мұндай шұңқырларды азық-түлік сақтау үшін пайдаланған. Тұрғын жайдың сырт жағында топырақ, сүйектердің бқлшектері, артефактың сынықтары толтырылған шаруашылық мақсаттағы шұңқырлар кездесті.«Б» аймағында 50 см тереңдікте тұрғынжай орнының ізі табылды. Ол диаметрі 5 метрдей қисық алты бұрышты тереңдікте қазылған. Тұрғын жайдың орталық бөлігіндегі Н-21 учаскесінде тереңдігі 90 см, диаметрі 85 см №1 ошақ шұңқыры анықталды, ол жоғарғы жағынан есептегенде 10 см тереңдікте 7 см-ге дейін күйген қара түсті-жоғарғы құрылыс қабатындағы сазбен толтырылған, ал оның төменгі жағында қоңыр саз жатыр. Тұрғынжайдың сырт жағында №20 учаскесінің оңтүстік бөлігінде оңтүстік қабақтан солтүстігіне таман №2-ші ошақ шұңқыры табылды. Шұңқырдың диаметрі 130 см, тереңдігі 30 см. Шұңқырдың стратиграфиясы мынадай: күлдің немесе сұр түсті күйемен қосылған 10 см тереңдікте жоғарғы қабатты саз, 3 см — күйе (көмір), 4 см — ақшыл қоңыр саз, 2-3 см — күйе, одан төмен — 5 см-де қара-сұр түсті күйе, әрі қарай құмдақты жер. Шұңқыр жүйелі түрде діни наным-сенім салттарына

арналған болса керек. Көптеген остеологиялық материалдардың жиналуы қазба жұмыстары жүргізілген учаскелерінің бәрінде дерлік кездесті. Тас және шақпақтас мүліктер қткен жылдардағы зерттелген артефакттарға сәйкес. Әсіресе, мыс пластинаны белгілеп кету керек, ұзындығы 4,7 см, ені 1 см. Пластина төрт мәрте мыс фольгадан бүктетіліп дайындалған. Жасалатын спектрлік талдау металдың құрамы мен оның пайда болған орнын айқындап береді. Қазіргі кезде бұл табылған мыс бұйымның үлгісі энеолит ескерткішіне жатады. 1980 жылы бірнеше сүйек тұтқалардан мыс тотықтары кездескен болатын. Қашау тәрізді құрал жылқының жілігінен шет жағы ұшталған пішінде дайындалған. Бұйымның ұзындығы 22,2-ден 23 см аралығында ауытқиды. Кесетін жүзі (ені 0,9 см және 1,3 см) сына тәрізді жасалған. Ағашты қашау үшін ол жүзі шығарылып, және тегістелген. Пышақ ұзындығы 17,8 см, еңі 31 см етіліп, жылқының жалпақ жілігінен дайындалған. Пішіні сопақ-жапырақ тәрізді. Сабының жоғарғы ұш жағында диаметрі 0,5 см ойық болған. Аспаптың бет жағы тегістелген. Бұл оны ұзақ уақыт бойы пайдаланғандығының білдіреді. Керамика (мыңнан аса сынықтары бар) жартылай жұмыртқа пішіндес ыдыстардың бөліктері күйінде кездеседі. Сынықтарының бөлігі бес және алты ыдыстарға келеді. Ондай бөліктер жіптей иретілген, тарақ және ойық тәрізде бедерлермен өрнектелген. Сонымен соңғы үш жыл бойынша жүргізілген зерттеулер нәтижесінде айтарлықтай көлемде археологиялық және қорғау жұмыстары жүзеге асты, тұтастай алғанда 1756 шаршы метр мәдени қабат аршылып, одан 20 мыңдай заттар

табылды. Бұл жұмыстардың маңызына ғылым үшін бірегей археологиялық материалды, тұрғынжайлардың құрылыстарын, өзіндік ерекшелігі бар жағалаудың шаруашылық аймағында орналасқан қоныстардағы тұрдың жайлардың планиграфиясын сақтауға қол жеткізілгенін айтуға болады. Қазіргі кезеңде археологиялық ескерткішті объектіні сақтаудың ақырғы сатысына — мәдени қабат пен жағалаудың жарлары арқылы өтетін жыралар рекультивациялауға дайын деуге болады. Ландшафтты қайта қалпына келтіруге байланысты соңғы жылдары жүргізілген белсенді іс - әрекеттің нәтижесінде жердің шөбі қайта өсіріп, реликтік қарағай қайта өсе бастады. Ескерткіштің қорғалатын аймағына жақын жерде оеспублика азаматтарымен экскурсиялық жұмыстар қолға алынды. Жаз мезгілінде, жыл сайын ескерткіште Ақмола, Солтүстік Қазақстан және Павлодар облыстарының қалалары мен ауылдарындағы мектеп оқушылары осында болды. Ұйымдар мен мемлекеттік органдардың өкілдері қазба жұмыстарына тікелей қатысу немесе қазба жұмыстары қалпына келтірілген архитектураны қарау, өлкенің бай тарихы жөнінде лекцияны тыңдау мақсатында келеді.

Уәлихановтар рулық мүлкі (Сырымбет сарайы, XIX ғасыр)

Сырымбет қонысы 19 ғасырдың ағаш сәулет ескерткіші, Уәлихановтардың рулық иелігі-қазақ ханы Абылайдың тікелей ұрпақтары. 1824 жылы 30 сәуірде Император Александр I жарлығымен Уәли ханның жесірі Айғанымға (Шоқан Уәлихановтың әжесі) қоныс салынды.

Уәлихановтардың қонысы ХІХ ғасырдығы орыс дворян игіліктерін еске түсіреді. Бұл жайдан-жай емес. Қоныс 1824 жылы 30 сәуірде Император Александр І жарлығымен және Батыс Сібір генерал-губернаторы П. Капцевичтің бұйрығы бойынша Уәли ханның жесірі Айғанымға салынды (Шоқанның әжесі). Дана және көреген Айғаным отырықшы өмірдің артықшылықтарын сол кезден- ақ түсініп, қыстауды орыс инженерлерінің сәулеттік жобасы бойынша тұрғызған.

Болашақ резиденцияның орны кездейсоқ таңдалған жоқ. 1822 жылдың күзінен бастап Сырымбет жері Шоқан Уәлихановтың әжесі, орта жүз ханы Уәлидің жесірі Айғанымның тұрақты қыстауы болып саналады. Осы жерде болған сәттен Сырымбеттің таңқаларлық әсемдігін түсінесің. Тауларды бойлай өскен қарағайлар ауылды желден қорғап қана қоймай, әдемілігімен көздің жауын алады.,

Ш.Уәлихановтың балалық, жастық шағы осы әжесінің қонысында өтті. Болашақ ұлы ғалымның қалыптасуына үйдегі шығармашылық орта оң әсерін тигізді. Әжесінің арқасында қоныс тек қыстау ғана емес, сонымен қатар көрнекті ақындар, қызықты адамдар жиналатын орталыққа айналды.

Иелік толық құлдырау мен өртті бастан кешірді. Өрттеніп кеткен кешенді қайтадан қалпына келтірді. Дегенмен, кеңестің биліктің алғашқы жылдарында қайтадан жаңғырылып, құрылыс материалдары басқа ғимараттарды салуға жұмсалды. 1993 жыл қоныстың

екінші ашылу жылы болып саналады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Үкімімен тарихи резиденция толығымен жөнделді. Дәлірек айтқанда, қайтадан тұрғызылды. Қоныстың ашылу салтанатына Сырымбетке үш елдің президенттері: Қазақстан Республикасы- Нұрсұлтан Назарбаев, Өзбекстан – Ислам Каримов, Қырғызстан – Асқар Ақаев келді. Кейінірек мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы қарсаңында тұрғын үй және мешіт жөнделіп, ағаш шарбақ, қақпалар, есіктер мен терезелер ауыстырылды.

Қарасай және Ағынтай батырлары атындағы мемориалдық кешен

Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданы Мәдениет ауылының жанында биік төбешігінде қазақтың ұлы батырлары Қарасай мен Ағынтай жерленген.

17-ші ғасырда Есім ханның туы астында атақты Шапырашты Қарасай батыр мен Арғын Ағынтай батыр осы жерді жаулаушылардан қорғаған. Жоңғарларға қарсы қиын күресте Есім ханның әскерін он сегіз жасындағы Қарасай басқарды, ал Арғын Ағынтай оның көмекшісі мен адал досы болған. Бірге жүретін батырлар 48 жылдан астам уақыт бойы 200 астам рет қанаушыларға қарсы қанды шайқастарға қатысты. Олар екеуі Құлшынбай төбесінде жерленген.

1999 жылы 15 қазанда осы жерде алып мемориалдық ескерткіш ашылды. Батырларға арналған кесене Қазақстандағы барлық бірлік, достастық және ынтымақ

нышаны болды. Биік төбе үстінде екі әскери дулыға түріндегі құрылыстар орнатылған, олардың арасында мешіт орналасқан. Оның жанында көне заман жауынгерлерінің біріктірілген найзалары тұр. Күмбездер айналасында көне заман жауынгерлерінің бірнеше жерлену орындары орналасқан.

Композициялары жағынан кешен қағандардың көне түркі дәстүрлерін дамытып жатыр. Басты белдігі бойынша Меккеге бағытталған, оған мешіт михрабы да бағытталған. Кірпіштен салынған дуалмен қоршалған шеңберге кіру орны екі мұнарамен белгіленген және намаз оқу мен құрбан шалуға арналған кесенелер арасындағы алаңға апарды. Граниттен салынған іргетас үстіндегі алаң бұрыштарында батырлардың жауынгерлік айбынының нышандары ретінде қола қаптамасы бар металдан жасалған кескіннің біріктірілген найзалары орнатылған. Шеңбер ортасында екі ұлы батырлардың кесенелері орналасқан, олар Солтүстік Қазақстанға тән эллипсоидтық кескіндемелері бойынша орындалған. Олардың алдында конус тәрізді шағын жоқтау мешіті орналасқан, ол символды және сәулеті жағынан кесенелерді біріктіреді.

Кесенелер арасында, орталығында шағын зал шағын пинакотека залы орналасқан, олардың қабырғаларында батырлардың ерліктерін баяндайтын үш тілдегі мәтіндер жазылған.

Кесенелердің үстіңгі жақтарындағы алып көлемдері кұйылған керамиканың элементтерімен әсемделінген және метал қаңқасында бекітілген бүгілген алты миллиметрді кұрайтын шыныдан тұратын

күмбездерімен аяқталады. Кесенеге кіру есігі металдан жасалған. Олардың беттерінде Қоран сүрелері ойылып жазылған.

Ішкі көріністерін өңдеу барысында керамикалық кірпіш, Күрті және Қордай граниттері пайдаланған. Құлпытастар жерлеу орындарындағы құлпытас пен қойтасты орнатудың көне түркі дәстүрін жалғастырып, авторлардың шаблондары бойынша жылтыратылған қызыл Қордай граниттен орындалған. Әр құлпытастың жанында шырақ орналасқан, келушілер оны жағып, аруақтардан көмек берулерін сұрай алады. Өңірдегі басқа да жерлеу орындары тротуар тақтасымен салынға, ал одан тыс орналасқан жерлеу орындары соғылған аласа метал дуалымен қоршалған. Мемориалдың барлық негізгі құрылыстар итальяндық технологиясы бойынша дайындалған керамикалық кірпіштен орындалған. Кешен алдындағы алаң табиғи тас тақтатасымен төселген, осында демалыс үшін қойылған орындықтар, сонымен қатар шойын құймасы технологиясы бойынша орындалған тіреулеріндегі шырақтар бар. Сәулет жобасына сәйкес кесенелердің биіктігі— 16 м, мешіті биіктігі — 12 м; жоба бойынша құрылыс өлшемі — 19×13,5 м; қоршау құрылысының диаметрі— 27 метрді құрайды.

Атақты батырлардың қабірлері жанында жаулаушыларға қарсы күресте қаза тапқан көптеген жауынгерлердің жерлеу орындары орналасқан. Қазба жұмыстары кезінде осында батырдың денесі табылған, оның бойы шамамен 2 м болып, оның жаныда ауыр қылыш пен қару-жарағы болған.

Қарасай және Ағынтай батырларының Мемориалдық кешені ашылу күнінен бастап қажылық және экскурсия орны болып табылады. Жыл сайын оны Қазақстан түкпірлерінен келетін мыңдаған адамдар барып жүреді. Осында екі рет Ел Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев болған. Кесене жанында қажылық жасайтын адамдар мен туристтер үшін қонақүй орналасқан. Дәстүр бойынша кесенеге жас жұбайлар келеді, осы жерден әскерге, оқуға баратын жастарды шығарып салып отырады. Атақты батырлардың құрметіне спорттық сайыстар мен ат бәйгелері өткізіліп отырады.

Ел қорғаған ер Жанатай

Жанатай батыр бабамыздың ұрпақтары бас болып қолға алып, кесене салды. Әрине, «тас түскен жеріне ауыр» демекші, батыр ұрпақтарының ішінен осыған айрықша күш салған екі ел ағасын ала-бөле атағанмыз дұрыс, Қайрат Қожахметов пен Жаябай Жаңабергенов осы игілікті іске мұрындық болып, көп күш-қайрат жұмсады. Өзгелерге өнеге, ұлағат болуы үшін жақсы істерін жария еткеннің айыбы жоқ шығар.

Абылай хан үш жүздің басын қосып, ортақ іске, қасиетті туған жерімізді басқыншы жаудан қорғау үшін күреске жұмылдырғанда, жанында серік бола білген, қолдаған батырларымыздың абзал есімін ұмыта алмаймыз.

Тәуелсіздігімізге қол жеткізген кезеңнен бері, халқымыздың рухы оянып, дүр сілкініп көтеріліп, ежелгі арнасын тауып, ата-бабалар жолын ұлықтауда. Соның бір үлкен көрінісі – еліміздің тарихындағы аласапыран шапқыншылықтарға толы, қазақ халқының «жанталас»

дәуірінде үш жүздің басын біріктірген ұлы билеуші Абылай ханның жауға қарсы қаһармандық күресінде қол бастаған айбынды ерлерінің бірі – Жанатай батыр. Батырға орнатылған кесененің бүгінгі күн үшін маңыздылығы сол, бұл ескерткіш белгі ғана емес, өскелең жастарымызға рух беріп, ұрпақтарға ұран болардай күдіретке айналарына сенеміз. Өйткені қазіргі ұрпаққа керегі, ата-бабамыздың ел мен жерді қорғау жолындағы күрескерлік биік рухы, қаһармандық қасиеттері мен өрлігі, арман-мүддесінің асқақтығы. Ұл-қыздарымыздың бойынан осындай қайсарлық пен өжеттілік, табандылық пен биік мұрат табылып жатса, Жанатай бабамызға орнатылған кесене осы бағытта қызмет етсе деген тілек бар.

Жоғарыдағы Абылай хан есімін ұлағаттап, оның ұлы жеңіспен аяқталған дүбірлі, әйгілі он сегізінші ғасырын еске алып, жаңғыртып отыруымыздың өзіндік себебі бар. Тарихымызда Абылай хан айналасында жиі аталатын, тіпті, ең жақын серіктерінің бірі деп дәріптелетін Қарауыл Жанатай батыр бабамыздың есімі көпшілікке жақсы таныс. Тіпті, сол тарихымыз нақты зерттелмеген, көп деректер көмулі жатқан, немесе, қасақана жойылып келген кезеңнің өзінде Жанатай батыр есімі аталмай қалған жоқ. Әрине, бұл арада басын ашып алатын жағдай, қазақ тарихында бірнеше Жанатайдың аты аталып жүргендігі де белгілі. Біз атап, айшықтап отырған Жанатай батыр бабамыз Қарауыл ішінде алты ата Ноғай тармағынан өрбиді, толық аты-жөні – Жанатай батыр Ақанұлы. Бұл кісінің есімі тарихта көп аталғанымен, оның өзгелермен шатастырып танылуының бірнеше

себебі бар. Ең басты себебін жоғарыда айтып өттік. Біріншіден, кешегі кеңестік дәуірде тарихымыздың аяқасты болып, нақты зерттеулер жүргізілмей келгендігі. Екіншіден, бұрын-соңды тарихымыздың көп деректері Ресей тарихымен байланысты болып келгендіктен, көбінесе, мағлұматтардың сол елдің архивтерінен алынуы. Көптеген маңызды деректеріміз ресейлік ғалымдардың еңбектерінен алынған. Бұл арада, біз ол атақты ғалымдардың еңбектерінің маңыздылығына күмән-данбаймыз, қалай болған күнде де, қазақ тарихы, әсіресе, осы Абылай хан дәуірі Ресей тарихында көп зерттелгендігі, қазақтың кенжелеп қалған тарихында одан өзге құнды деректер жоқтың қасында екендігін мойындауымыз керек. Қазақтың көшпелі кезеңдерінде оның тарихының сақталу мүмкіндігі төмен болғандығы, көбінесе, ел ауызындағы аңыздарға негізделіп келгендігі шындық.

Келесі, 2023 жылы Жанатай батыр бабамыздың туғанына 300 жыл толатын дүбірлі мерейтойды ұрпақтары ғана емес, бүкіл ел болып атап өту мәселесі туындап отыр. Әрине, осынау, батыр баба басына орнатылған зәулім ескерткішті сол дүбірлі тойға дайындықтың басы деп қабылдаймыз. «Істің сапасы қалай аяқталуынан емес, қалай басталғандығынан білінер» деп дана Абай атамыз айтпақшы, игілікті іс жалғасын табарына, ол тойдың Жанатай батыр бабамыздың ел тарихындағы орны айқындала түсер, ерлігі мен өрлігін паш еткен салтанатты мерейтойға айналарына сеніміміз зор.

Ақан сері

Ақан сері Қорамсаұлы (1843 жылы, Үлкен Қоскөлдін маңы, Ақмола облысы, Ресей империясы – 1913 жылы, сонда) — қазақ ақын, әнші, және сазгер.

Өмірбаян

Арғын тайпасы Қарауыл руының Есенбай тармағынан шыққан.^[1] Әкесінің есімі Қорамса, шешесі – Жаңыл. Ақан сері жас кезінен өнерімен көзге түсіп, кейін ақындық, әншілік өнері кемелденген соң алты алашқа аты мәлім сері атанған. Әуелі ауылда, содан соң Қызылжардағы Уәли (Ахметуәли) молладан оқыған. 16 – 17 жасынан өнер жолына түскен. Шоқанның қазасына көңіл айтып, оны Көкшенің биігіне, теңіздегі кемеге теңейді, “40 темірдің қылауын қосқан өнерпаз” деп бағалайды.

Ақан серінің бірінші әйелі Жұман қызы Бәтимадан туған жалғыз ұлы Ыбан (Ыбырайым). Оған Ақан сері жазу-сызу үйреткен. Бәтима өлген соң, аз күн отасқан әйелі Тінәлі қызы Ұрқияға Ақан серінің “Хат жаздым қағаз алып, қалам, сия” деген өлеңің арнаған. Ақан серінің тірідей айрылған сүйген қызы – Ақтоқты. Бұл – арты аңызға айналған оқиға. Ақтоқты есімі Ақан серінің шығармаларынан кең орын алды. “Ақ көйлек”, “Аужар”, “Алтыбасар”, “Ғашық жарға”, “Тағрипың”, “Ж-ға” – Ақтоқтыға арналған махаббат толғаулары. Құлагердің мерт болуы (80 жылдардың ортасы) да егде тартқан Ақан серінің өмірі мен шығармашылығында ұмытылмас оқиға болды. Керей Сағынайдың асындағы аламан бәйгеде Құлагер кісі қолынан мерт болды. Құлагер туралы

өлеңдерінде ақынның көңіл күйі, ашу-ыза, күйініш, үміт-сезімі тебірене жырланған.

Өмір соққысын көрген Ақан сері енді: “Жақсылықтан жамандық асып кетті, Бой бағып тұру артық келсе шамаң” дейді. Ел аралауды сиретіп, бойын бағуды ойлайды. Жайлауға көшпей, Ыбан екеуі қыстауда қалады. Дұшпандары оны әр саққа жүгіртіп өсек таратады. Бірақ Ақан сері өмірден де, өнерден де қол үзбейді. “Өнерді бойға біткен іркіп болмас” деп қарайды. Осы тұстағы ән-өлеңдерінің елеулісі – “Балқадиша”. Бұл – өз теңіне атастырылған әдепті, сыпайы қыздың өнерлі ағаны қадір тұтқан сүйкімді қылығына разы ағалық қарыздар көңілден туған ән.

90 жылдардағы Ақан сері шығармашылығында айтыс едәуір орын алды. Ақан серінің алғашқы айтыс-қағыс өлеңдерінің бірі – “Жүсіп төреге” (Тәкінің Жүсібіне қайтарған жауап өлеңі). Орынбай, Нүркей тағы басқа он шақты ақынмен айтыстарының үзінділері ғана сақталған. Толығырағы – Нұрқожамен айтысы. Онда Ақан сері ел-жұртты тірек тұтады (“Хақ қалаған Есенбай қарашамын, Алтын бесік халқыма жарасамын”), ақындық өнерді қадірлейді, туған жерді, халықты мақтан етеді.

Ақан серінің елдің жер-судан, қоныстан айырылуына наразылық білдірген азаматтық лирикалары мен сықақ өлеңдері де өткірлігімен ерекшеленеді. Атбасардың указной молдасы Көктөбеттің Смағұлын, Атығай-Қарауылдың болысы Сұрағанды, болыс Шоғармақты өлтіре сықақ етеді. Осы өлеңдері мен “Замана адамында” сері ел билеген әкімдерді “Кей жаман мал бітті деп әкім болар”, - деп әшкерелейді. Қонысынан айрылған елдің

мұң-мұқтажын ақын халық атынан айтады. Мемлекет 2-думаға шағынады, әділдік, үміт күтеді. Өмірінің соңғы кезеңінде жазылған өлеңінің бірі – “Қаратай”. Ақан сері аулы қонысынан айрылып, орнына Комаровка ауылы орнағанда, ескі мекенге барып жүрген Қаратайды (Ақан серінің мінген аты) егінге түсті деген сылтаумен ұстап алып, сатып жіберіпті. Ат пен иесінің диалогы түрінде жазылған бұл өлеңде қуғыншы 4 орыстан қашып барғанда “бүбірнай” (выборнай) Көшербайдың рақым етпегені, судьяның әділ үкім шығармағаны айтылады. Соңында: “Орыс пенен қазақтың алдым несін?! Тәңір берген әркімнің несібесін. Ол түгіл жан салмаған Құлагердің, сөйлейді граммофонда әңгімесін”, – деп, “Құлагер” әнінің сол заманда пластинкаға түсірілгенін ескертеді. Өлер алдында шығарған “Мінажат” өлеңінде иман тілейді.

Ақан сері – өмір шындығын үлкен суреткерлікпен жырлаған заманының асқақ ақыны ғана емес, мұңшыл да сыршыл, лирикалық тебіреністі сазымен, әншілік-орындаушылық өнерімен танылған өзгеше дарын иесі. Оның композиторлығы ақындығынан кем түспейді. Әділіне көшсек, “Ақан сері” атанып, кезінде жұртшылыққа кең танылуы, атақ, даңқының шартарапқа жетуі – әншілік-композиторлық өнерінің жемісі. Жасынан халықтың ән-күйінен сусындап, өзіне дейінгі әншілік дәстүрді толық меңгерген Ақан сері бертін келе, жігіт шағында серілік құрып, өзі де ән шығарады. Көкшенің сұлу табиғатына көз тігіп, оны албырт сезімді, әсерлі музыка үніне бөлейді. Осы әншілік өнерде Ақан сері жалғыз болмайды. Айналасына әнші-күйші

жастарды жинап, өзгеше бір өнерлі топ болып ел аралайды. Ақын, әнші серілердің бәрімен достасады. Балуан Шолақ, Жаяу Мұса, Естай, Иманжүсіп, Құлтума сияқты атақты ақын-әншілер Ақан серінің ең жақын достары болған. Олардың бәрі Ақан серінің әншілік өнеріне игі әсер еткен, композиторлық талантын жетілдіріп, шеберлік, суреткерлік талғамын шындай түскен. Ол қазақтың ұлттық өнерін профессионалдық биікке көтеріп, дәстүрлі өнердің классикалық үлгісін жасады. Сан қырлы дарындылық, поэзия мен музыканың тел қозыдай табысуы, өзіне ғана тән нақыш, жоғары деңгейдегі орындаушылық шеберлік — Ақан сері шығармашылығына тән басты-басты қасиеттер. Қазақ мәдениетінің алтын қорына Ақан серінің елуге жуық муз.-поэтик. мұрасы енген. Ақан сері шығармалары поэтик. тұнықтығымен, образдар әлемінің тереңдігімен, поэтик. және муз. тілінің шырайлылығымен, айрықша талғампаздығымен, нақыштық тазалығымен ерекшеленеді. Оның шығармашылық болмысының басты қасиеттері – өмір шындығын боямасыз жырлауы, психологиялық иірімдерге толы, эмоциялық бояуының қанықтығы.

Шығармаларының басым бөлігін қамтитын кеңінен танымал көңіл-күй және махаббат лирикаларында ғажайып табиғат суреттері мен нәзік мұң, өмір қиыншылықтары туралы трагедиялық пайымдаулар шынайы да шымыр қатар өріліп жатады. Оның стиліндегі жоғары жетістігі – кең тыныстылық, ән иірімдерінің нәзіктігі, әуен әсемдігі, интонация

суреттерінің молдығы, сазының биік те асқақ, ырғақтары мен қайырымдарының ұзақтығы.